- Жөндеу сигналдық хабарлары
- Белгілі бір өнімге және жабдықтарға қатысты ескертулерді электрондық пошта арқылы бекіту
- Өнім параметрлерін көру және өзгерту
- Өнім құжаттамасын көру
- Ақаулықтарды жою және күту құралдарына қол жеткізу

Өнім тікелей компьютеріңізге қосылғанда немесе желіге қосылғанда HP ToolboxFX көруге болады. HP ToolboxFX пайдалану үшін, ұсынылған бағдарламалық құралды орнатыңыз.

# Windows жүйесіне қолданылатын желі утилиталары

## HP Web Jetadmin

HP Web Jetadmin интранетіңіздері is a HP Jetdirect-қосылған принтерлерге арналған браузерге негізделген басқару құралы болып табылады және желілік администратор компьютеріне ғана орнатылуы тиіс.

HP Web Jetadmin ақымды нұсқасы мен қолдаулы хост жүйелерінің ең соңғы тізімін жүктеу үшін [www.hp.com/go/webjetadmin](http://www.hp.com/go/webjetadmin) сайтына кіріңіз.

Хост серверіне орнатылғанда Windows клиенті қолдаулы Веб браузерін (Microsoft® Internet Explorer 4.x немесе Netscape Navigator 4.x немесе одан жаңасын) пайдалана отырып HP Web Jetadmin жүйесіне кіре алады.

## Енгізілген Веб сервер

Құрал өзі және желілік қызметі туралы ақпараты бар енгізілген Веб серверімен жабдықталған. Бұл ақпарат Microsoft Internet Explorer, Netscape Navigator, Apple Safari, немесе Firefox сияқты Веб браузерлерінде шығарылады.

Енгізілген Веб сервері құралда орнатылған. Ол желілік серверге жүктелмеген.

Енгізілген Веб сервер желіге қосылған кез келген компьютер мен стандартты Веб браузер пайдалана алатын интерфесті құралға қамтамасыз етеді. Ешқандай арнайы бағдарламалық құрал орнатылмаған немесе конфигурацияланбаған, бірақ Сіздің компьютеріңізде қолдаулы Веб браузер болуы тиіс. Енгізілген Веб серверге ену үшін, браузердің адрестік жолында құралдың IP адресін теріңіз. (IP адресін табу үшін, конфигурациялау бетін басып шығарыңыз. Конфигурациялау бетін басып шығару жөніндегі толығырақ ақпаратты [ақпарат беттерді басып шығару 78-бетте](#) ішінен қараңыз.)

Енгізілген Веб сервердің мүмкіншіліктері мен қызметтерін толық түсіну үшін [Енгізілген веб-сервер 85-бетте](#) қараңыз.

## Өзге операциялық жүйелерге арналған бағдарламалық құрал

| ОС    | Бағдарламалық құрал                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                   |
|-------|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| UNIX  | <p>HP UNIX моделін жүктеу үшін төмендегі қадамдарды орындаңыз.</p> <ol style="list-style-type: none"><li>1. <a href="http://www.hp.com">www.hp.com</a> торабына өтіп, <b>Software &amp; Driver Download</b> (Бағдарламалық құрал мен драйверді жүктеу) сілтеуін басыңыз.</li><li>2. Өнімнің атын өнім атауы жолағына теріңіз.</li><li>3. Операциялық жүйелердің тізімінде <b>UNIX</b> дегенді таңдаңыз.</li><li>4. Тиісті файлды немесе файлдарды жүктеңіз.</li></ol> |
| Linux | <p>Ақпарат алу үшін <a href="http://www.hp.com/go/linuxprinting">www.hp.com/go/linuxprinting</a> бетіне өтіңіз.</p>                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                   |



---

## 4 Өнімді Macintosh компьютерімен пайдалану

- [Macintosh арналған бағдарламалық құралдар](#)
- [Macintosh принтер драйверінің мүмкіндіктерін пайдаланыңыз](#)

# Macintosh арналған бағдарламалық құралдар

## Macintosh арналған қолдаулы операциялық жүйелер

Өнім Macintosh операциялық жүйелерінің келесілерін қолдайды:

- Mac OS X V10.3, V10.4, V10.5 және одан кейінгі нұсқалары



**ЕСКЕРІМ:** Mac OS X V10.4 және одан кейінгі нұсқалары үшін PPC және Intel® Core™ Processor Mac жүйелеріне қолдау бар.

## Macintosh жүйесіне арналған қолдаулы принтер драйверлері

HP орнатушысы Macintosh оперативтік жүйесі орнатылған компьютерлерінде пайдалануға арналған PostScript® Принтер Сипаттамалары файлдарын, Принтердің Диалогтық Кеңейтулерін (PDEs) және HP Принтер Утилиталарын қамтамасыз етеді.

PPDs, Apple PostScript принтер драйверлерімен үйлесімі құрал қасиеттеріне қол жеткізу мүмкіндігін береді. Компьютерге қоса берілген Apple PostScript принтер драйверлерін пайдалану.

## Бағдарламалық құралды Macintosh операциялық жүйесінен жою

Бағдарламалық құралды Macintosh компьютерінен жою үшін PPD файлдарын қоқыс көрзеңкесіне тасып апарыңыз.

## Macintosh жүйесіне арналған баспа баптауларының басымдылығы

Баспа баптауларындағы өзгертулер өздеріне жасалағанына қарай басымды болады:



**ЕСКЕРІМ:** Командалар мен диалог терезелерінің атаулары бағдарламалық құралыңызға тәуелді түрде өзгешеленуі мүмкін.

- **Бет Орнатпасы диалог терезесі:** Осы диалог терезесін ашу үшін **Page Setup** (Бет Орнатпалары) немесе баламалы командасын өзіңіз жұмыс істеп отырған бағдарламаңыздың **File** (Файл) мәзірінен таңдаңыз. Осы жерде өзгертілген баптаулар кез келген өзге жердегі баптаулардың орнын басады.
- **Баспа диалог терезесі:** Осы диалог терезесін ашу үшін **Print** (Басып шығару), **Print Setup** (Баспа Орнатпалары) немесе баламалы командасын өзіңіз жұмыс істеп отырған бағдарламаңыздың **File** (Файл) мәзірінен таңдаңыз. **Print** (Басып шығару) диалог терезесінде өзгертілген баптаулар басымдылығы төмен болып табылады және өзгертулердің орнын *баспайды* **Page Setup** (Бет орнатпалары) диалог терезесіндегі.
- **Стандартты принтер драйверінің баптаулары:** Стандартты принтер драйверінің баптаулары барлық баспа тапсырмаларында пайдаланылатын баптауларды белгілейді, егер баптаулар **Page Setup** (Бет Орнатпалары), **Print** (Басып шығару) немесе **Printer Properties** (Принтер Қасиеттері) диалог терезесінде өзгертілмесе.
- **Принтердің басқару панелінің баптаулары:** Принтердің басқару панеліндегі баптаулар өзгертулерінің өзге жерлерде жасалған өзгертулерге қарағанда басымдылығы төмен.

## Macintosh жүйесіне арналған принтер драйверлерінің баптауларын өзгерту

| Бағдарламалық құрал жабылғанша принтердің барлық тапсырмаларының параметрлерін өзгерту                                                                                                              | Принтердің барлық тапсырмаларының стандартты параметрлерін өзгерту                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                        | Өнім конфигурациясының параметрлерін өзгерту                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                       |
|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| <ol style="list-style-type: none"> <li><b>File</b> (Файл) мәзірінен <b>Print</b> (Басып шығаруды) таңдаңыз.</li> <li>Өзіңіз қалаған параметрлерді түрлі жайылмалы мәзірлерде өзгертіңіз.</li> </ol> | <ol style="list-style-type: none"> <li><b>File</b> (Файл) мәзірінен <b>Print</b> (Басып шығаруды) таңдаңыз.</li> <li>Өзіңіз қалаған параметрлерді түрлі жайылмалы мәзірлерде өзгертіңіз.</li> <li><b>Presets</b> (Алдын-ала орнатулар) жайылмалы мәзірінен <b>Save as</b> (Түрінде сақтау) таңдап, алдын-ала орнату атауын теріңіз.</li> </ol> <p>Бұл параметрлер <b>Presets</b> (Алдын-ала орнатулар) мәзірінде сақталды. Жаңа параметрлерді пайдалану үшін Сіз сақталған алдын-ала орнату опцияларын бағдарламаны ашып, басып шығарған сайын таңдап отыруыңыз тиіс.</p> | <p><b>Mac OS X V10.3 немесе Mac OS X V10.4</b></p> <ol style="list-style-type: none"> <li>Apple мәзірінен <b>System Preferences</b> (Жүйе артықшылықтары) және содан кейін <b>Print &amp; Fax</b> (Басу және Факс) таңдаңыз.</li> <li><b>Printer Setup</b> (Баспа орнатпалары) батырмасын басыңыз.</li> <li><b>Installable Options</b> (Орнатылатын Опциялар) мәзірін таңдаңыз.</li> </ol> <p><b>Mac OS X V10.5</b></p> <ol style="list-style-type: none"> <li>Apple мәзірінен <b>System Preferences</b> (Жүйе артықшылықтары) және содан кейін <b>Print &amp; Fax</b> (Басу және Факс) таңдаңыз.</li> <li><b>Options &amp; Supplies</b> (Параметрлер мен материалдар) батырмасын басыңыз.</li> <li><b>Driver</b> (Драйвер) мәзірін таңдаңыз.</li> <li>Тізімнен драйверді таңдаңыз жән орнатылатын опцияларды таңдаңыз.</li> </ol> |

## Macintosh жүйесінің қолдаулы утилиталары

### Енгізілген Веб сервер

Құрал өзі және желілік қызметі туралы ақпараты бар енгізілген Веб серверімен жабдықталған. Бұл ақпарат Microsoft Internet Explorer, Netscape Navigator, Apple Safari, немесе Firefox сияқты Веб браузерлерінде шығарылады.

Енгізілген Веб сервері құралда орнатылған. Ол желілік серверге жүктелмеген.

Енгізілген Веб сервер желіге қосылған кез келген компьютер мен стандартты Веб браузер пайдалана алатын интерфейсті құралға қамтамасыз етеді. Ешқандай арнайы бағдарламалық құрал орнатылмаған немесе конфигурацияланбаған, бірақ Сіздің компьютеріңізде қолдаулы Веб браузер болуы тиіс. Енгізілген Веб серверге ену үшін, браузердің адрестік жолында құралдың IP адресін теріңіз. (IP адресін табу үшін, конфигурациялау бетін басып шығарыңыз.

Конфигурациялау бетін басып шығару жөніндегі толығырақ ақпаратты [ақпарат беттерді басып шығару 78-бетте](#) ішінен қараңыз.)

Енгізілген Веб сервердің мүмкіншіліктері мен қызметтерін толық түсіну үшін [Енгізілген веб-сервер 85-бетте](#) қараңыз.

# Macintosh принтер драйверінің мүмкіндіктерін пайдаланыңыз

## Баспа

### Macintosh жүйесінде баспаның алдын ала орнатпаларын құру және пайдалану

Қайта пайдалану мақсатымен принтер драйверлерінің ағымды баптауларын сақтау үшін баспаның алдын ала орнатпаларын пайдалану.

#### баспаның алдын ала орнатпаларын құру

1. **File** (Файл) мәзірінен **Print** (Басып шығару) батырмасын таңдаңыз.
2. Драйверді таңдаңыз.
3. Басып шығару параметрлерін таңдаңыз.
4. **Presets** (Алдын ала орнатулар) тармағында **Save As...** (Түрінде сақтау...) батырмасын басып, алдын ала орнатпа атауын теріңіз.
5. **OK** басыңыз.

#### Баспаның алдын ала орнатпаларын пайдалану

1. **File** (Файл) мәзірінен **Print** (Басып шығару) батырмасын таңдаңыз.
2. Драйверді таңдаңыз.
3. **Presets** (Алдын ала орнатулар) тармағында пайдаланғыңыз келетін алдын ала орнатпаларды таңдаңыз.



**ЕСКЕРІМ:** Принтер-драйвер стандартты параметрлерін пайдалану үшін **Standard** (Стандартты) таңдаңыз.

#### Құжаттарды немесе баспаларды әдеттегі парақ мөлшеріне өзгерту

Сіз құжатты өзге өлшемді параққа орналастыру үшін масштабтай аласыз.

1. **File** (Файл) мәзірінен **Print** (Басып шығару) батырмасын таңдаңыз.
2. **Paper Handling** (Қағаз жүктеу) мәзірін ашыңыз.
3. **Destination Paper Size** (Арнаулы Парақ Өлшемі) аумағынан **Scale to fit paper size** (Парақ өлшеміне орналастыру үшін масштабтау) мәзірін таңдап, жайыюмалы тізімнен өлшемді таңдаңыз.
4. Егер Сіз құжаттан кіші парақтарды ғана пайдаланғыңыз келсе, **Scale down only** (Тек төмен қарай масштабтау) батырмасын таңдаңыз.

## Мұқабаны басып шығару

Сіз құрамында хабары («Құпия» сияқты) бар құжаттарыңыз үшін түрлі мұқаба беттерін басып шығара аласыз.

1. **File** (Файл) мәзірінен **Print** (Басып шығару) батырмасын таңдаңыз.
2. Драйверді таңдаңыз.
3. **Cover Page** (Алдыңғы Мұқаба) жайылмалы мәзірін ашып, одан кейін алдыңғы мұқабаны не **Before Document** (Құжат алдында) немесе **After Document** (Құжаттан Кейін) басып шығаруды таңдаңыз.
4. **Cover Page Type** (Мұқаба Бетінің Түрі) жайылмалы мәзірінен өзіңіз мұқаба бетте басып шығарғыңыз келетін хабарды таңдаңыз.



**ЕСКЕРІМ:** Бос мұқаба бетті басып шығару үшін **Standard** (Стандартты) түрді **Cover Page Type** (Мұқаба Бетінің Түрі) түрінде таңдаңыз.


## Субелгілерін пайдалану

Субелгісі болып құжаттың әр бетінде фон ретінде басып шығарылатын «Құпия» сөзі сияқты ескерту болып табылады.

1. **File** (Файл) мәзірінде **Print** (Басып шығару) батырмасын таңдаңыз.
2. Ашыңыз **Watermarks** (Субелгілер) мәзірін.
3. Одан кейін **Mode** (Режим) мәзіріне кіріп, қолданылатын субелгісінің түрін таңдаңыз. Жартылай мөлдір хабарға басылатын **Watermark** (Субелгіні) таңдаңыз. Мөлдір емес хабарды басып шығару үшін **Overlay** (Маңдайша) тармағын таңдаңыз.
4. Одан кейін **Pages** (Беттер) мәзіріне өтіп, субелгіні барлық беттерге не бірінші бетке ғана басып шығаруды таңдаңыз.
5. Одан кейін **Text** (Мәтін) мәзіріне өтіп, стандартты хабарды таңдаңыз, немесе **Custom** (Ерекше) тармағын таңдап, терезеде жаңа хабарды теріңіз.
6. Баптауларды қалдыру үшін опцияларды таңдаңыз.

## Macintosh жүйесінде бір парақ қағазға бірнеше бет басып шығару

Бір парақ қағазға бірнеше бет басып шығара аласыз. Бұл мүмкіншілік жоба беттерін басып шығарудың тиімді жолын қамтамасыз етеді.




1. **File** (Файл) мәзірінен **Print** (Басып шығару) батырмасын таңдаңыз.
2. Драйверді таңдаңыз.
3. **Layout** (Орналасу) жайылмалы мәзірін ашыңыз.
4. Одан кейін **Pages per Sheet** (Бет Параққа) мәзіріне өтіп, әр параққа басып шығарғыңыз келетін бет санын (1, 2, 4, 6, 9, немесе 16) таңдаңыз.
5. Одан кейін **Layout Direction** (Орналастыру Бағыты) мәзіріне өтіп, парақтағы беттер кезегі мен орналастырылуын таңдаңыз.
6. Одан кейін **Borders** (Жиектері) мәзіріне өтіп, парақтағы әр беттің жан жағындағы жиек түрін таңдаңыз.

## Беттің екі жағына да басып шығару

### Автоматты екі жақты баспа құралын пайдалану (тек дуплексті үлгілерде)

1. Өнімді пайдаланылатын лайықты қағаз еніне қойыңыз. Өнімнің артында дуплексті кептелуді босататын есікті көтеріп, қағаздың енін таңдайтын көк тұтқаны тауып алыңыз.
  - **Letter and Legal-size paper** (Letter және Legal өлшемді қағаз): Тұтқаны итеріңіз.
  - **A4-size paper** (A4 өлшемді қағазы): Тұтқаны тартыңыз.



2. Баспа тапсырмасын қамтамасыз ететін науалардың біріне жеткілікті қағаз мөлшерін салыңыз. Егер Сіз бланк сияқты арнайы қағаз жүктеген болсаңыз, оны келесі жолдардың бірімен жүктеңіз:
  - 1-Науасын бланк парақтарын бетін астыға және жоғарғы жиегін өнімге қаратып салыңыз.
  - Барлық басқа науаларға бланк парақтарын бетін астыға және жоғарғы жиегін науаның алдыңғы жағына қаратып салыңыз.
3. **File** (Файл) мәзірінен **Print** (Басып шығару) батырмасын таңдаңыз.
4. **Layout** (Жоба) мәзірін ашыңыз.
5. Одан **Two-Sided** (Екі Жақты) тармағынан, **Long-Edge Binding** (Ұзын Қырынан Бекіту) немесе **Short-Edge Binding** (Қысқа Қырынан Бекіту) таңдаңыз.
6. **Print** (Басып шығару) батырмасын басыңыз.

#### Қолмен екі жағына басып шығару

1. Баспа тапсырмасын қамтамасыз ететін науалардың біріне жеткілікті қағаз мөлшерін салыңыз. Егер Сіз бланк сияқты арнайы қағаз жүктеген болсаңыз, оны келесі жолдардың бірімен жүктеңіз:
  - 1-Науасын бланк парақтарын бетін астыға және жоғарғы жиегін өнімге қаратып салыңыз.
  - Барлық басқа науаларға бланк парақтарын бетін астыға және жоғарғы жиегін науаның алдыңғы жағына қаратып салыңыз.
2. **File** (Файл) мәзірінен **Print** (Басып шығару) батырмасын таңдаңыз.
3. **Finishing** (Өңдеу) мәзірінде **Manually Print on 2nd Side** (2-жағына қолмен басып шығару) батырмасын басыңыз.
4. **Print** (Басып шығару) батырмасын басыңыз. Екінші жағын басып шығару үшін шығыс жинағын 1-Науаға орналастырмас бұрын компьютер экранына шығарылатын жайылмалы терезедегі нұсқауларды басыңыз.
5. Өнімге өтіп, 1-Науадағы кез келген бос парақтарды алып тастаңыз.
6. Басып шығарылған жинақты 1-Науаға басылған жағын төмен, жоғарғы жиегін өнімге қаратып салыңыз. Сіз екінші жағын да 1-Науадан басып шығаруыңыз *muic*.
7. Кеңес берілген жағдайда, жалғастыру үшін басқару панеліндегі тиісті батырманы басыңыз.

## Қызметтер мәзірін пайдалану

Егер құрал желіге қосылған болса, құрал мен қамтамасыз ету мәртебесі туралы ақпаратты алу үшін **Services** (Қызметтер) мәзірін пайдаланыңыз.

1. **File** (Файл) мәзірінен, **Print** (Басып шығару) батырмасын таңдаңыз.
2. **Services** (Қызметтер) мәзірін ашыңыз.
3. Енгізілген Веб серверін ашу және қызмет тапсырмасын орындау үшін мыналарды істеңіз:
  - a. **Device Maintenance** (Құрылғыға техникалық қызмет көрсетуді) таңдаңыз.
  - b. Жайылмалы тізімнен тапсырманы таңдаңыз.
  - c. **Launch** (Іске қосу) батырмасын басыңыз.
4. Осы құрал бойынша түрлі қолдау жөніндегі Веб сайттарға өту үшін мыналарды істеңіз:
  - a. **Services on the Web** (Вебтегі Қызметтер) таңдаңыз.
  - b. **Internet Services** (Интернет Қызметтері) таңдаңыз және жайылмалы тізімнен опцияны таңдаңыз.
  - c. **Go!** (Өту!) батырмасын басыңыз.



---

## 5 Қосылу сипаттары


- [USB конфигурациясы](#)
- [Желі конфигурациясы](#)

## USB конфигурациясы

Өнімде Hi-Speed USB 2.0 порты бар. USB кабелінің ұзындығы ең көп дегенде 2 метр (6 фут) болады.

### USB кабелін қосу

USB кабелін өнімге жалғаңыз. USB кабельдің екінші жағын компьютерге жалғаңыз.



- |   |                     |
|---|---------------------|
| 1 | B түрлі USB порты   |
| 2 | B түрлі USB қосқышы |

## Желі конфигурациясы

Сіз өнімнің кейбір желі параметрлерін конфигурациялауды қажет етуіңіз мүмкін. Сіз ол параметрлерді басқару панелінен, енгізілген Веб-серверінен немесе желілердің көбінен, HP Web Jetadmin бағдарламалық құралынан өзгерте аласыз.

### Қолдау көрсетілетін желілік протоколдар

Өнім TCP/IP желілік протоколын қолдайды. Бұл ең көп пайдаланылатын және қабылданған желілік протокол болып табылады. Көптеген желілік қызметтер осы протоколды пайдаланады. Сонымен қатар бұл өнім IPv4 және IPv6 протоколдарын қолдайды. Келесі кестелерде өнімде қолдау көрсетілетін желілік қызметтер/протоколдар тізімі берілген.

**Кесте 5-1 Басып шығару**

| Қызмет аты                  | Сипаттама                                                                                                                                              |
|-----------------------------|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| порт9100 (Тікелей режим)    | HP Jetdirect баспа серверіндегі стандартты TCP/IP баспа порты, HP Стандартты порты сияқты бағдарламалық құралмен қолданылады                           |
| Жолдық принтер демоны (LPD) | LPD – ол TCP/IP жүйелерінде жолдық принтерге кезекке қою қызметтерімен қамтамасыз етеді. HP Jetdirect баспа серверіндегі LPD қызметтерін пайдаланыңыз. |
| WS баспасы                  | HP Jetdirect баспа серверіндегі Microsoft Web Services for Devices (WSD) баспа қызметтерін пайдаланыңыз.                                               |

**Кесте 5-2 Желілік өнімді табу**

| Қызмет аты                                                                                                     | Сипаттама                                                                                                                                                                                                                                                                             |
|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| SLP (Қызмет іздеу протоколы)                                                                                   | Желілік құрылғыларды табуда және конфигурациялауда пайдаланылатын Құрылғы табу протоколы. Негізінен Microsoft бағдарламалары үшін пайдаланылады.                                                                                                                                      |
| mDNS (топтық берілмдік домендерге ат беру қызметі - сонымен қатар Rendezvous немесе Bonjour аттарымен белгілі) | Желілік құрылғыларды табуда және конфигурациялауда пайдаланылатын Құрылғы табу протоколы. Негізінен Apple Macintosh бағдарламалары ұарқылы пайдаланылады.                                                                                                                             |
| WS анықтау                                                                                                     | Баспа серверіндегі Microsoft WS анықтау протоколдарына рұқсат береді.                                                                                                                                                                                                                 |
| LLMNR (TCP/IP v6)                                                                                              | Байланыстың жергілікті кеңінен хабар тарату атының ажыратымдылық (LLMNR) сұрауларының IPv6 арқылы жауап берілетінін көрсетеді.                                                                                                                                                        |
| TCP/IP арқылы NetBIOS                                                                                          | Жергілікті аумақ желісіндегі бөлек компьютерлердегі бағдарламалар арасында байланыс орнатады. Себебі бағдарламалау интерфейсі TCP/IP (NBT) арқылы іске қосылады, желідегі әрбір компьютерде NetBIOS аты мен хост атына тиісті IP мекенжайы (екі ат бірдей болмағанның өзінде) болады. |
| DNS клиенті                                                                                                    | HP Jetdirect баспа серверіндегі DNS доменінің аты ішінде орналасады (мысалы, support.hp.com).                                                                                                                                                                                         |

**Кесте 5-3 Хабар алмасу және басқару**

| Қызмет аты                                      | Сипаттама                                                                                                                                                                                                                                                                                                                             |
|-------------------------------------------------|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| HTTP (гипермәтіндік файлдарды жіберу протоколы) | Веб-браузерлерге енгізілген веб-сервермен байланысқа шығуға мүмкіндік береді.                                                                                                                                                                                                                                                         |
| EWS (енгізілген веб-сервер)                     | Пайдаланушыға өнімді веб-браузер арқылы басқаруға мүмкіндік береді.                                                                                                                                                                                                                                                                   |
| SNMP (желілік басқарудың қарапайым протоколы)   | Өнімді басқару үшін желілік бағдарламаларда пайдаланылады. SNMP V3 және стандартты MIB-II (Ақпарат негізін басқару) нысандары бар болады.                                                                                                                                                                                             |
| Web Jetadmin (WJA)                              | HP Jetdirect серверімен және принтер мүмкіндіктерімен бақылаудағы қатынасты қамтамасыз ететін басқару бағдарламасы.                                                                                                                                                                                                                   |
| EPC                                             | HP Easy Printer Care Software 2.0 (EPC 2.0) нұсқасы кіші және шағын бизнеске арналған HP Web Jetadmin функцияларын 15 HP LaserJet өнімдерімен қамтамасыз етеді. EPC 2.0 лазерлі принтерді оңайша жұмыс күйінде ұстауға, принтерге жұмсаған инвестицияларыңызды қорғауға және қарапайым түрде жабдықтар қорын біріктіруге көмектеседі. |

**Кесте 5-4 IP адресін беру**

| Қызмет аты                                          | Сипаттама                                                                                                                                                                                                                                       |
|-----------------------------------------------------|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| DHCP (хостты динамикалық конфигурациялау протоколы) | Автоматты түрде IP адресін беру үшін. DHCP сервері өнімге IP адресін береді. Әдетте өнім үшін DHCP серверінен IP адресін алғанда пайдаланушының араласуын қажет етпейді.                                                                        |
| BOOTP (жүктеу протоколы)                            | Автоматты түрде IP адресін беру үшін. BOOTP сервері өнімге IP адресін береді. Өнімге серверден IP адресін алу үшін администратор өнімнің аппараттық құралдарының MAC адресін BOOTP серверіне енгізуі тиіс.                                      |
| Авто IP                                             | Автоматты түрде IP адресін беру үшін. DHCP немесе BOOTP сервері болмаса, бұл қызмет өнімге бірегей IP адресін жасауға мүмкіндік береді.                                                                                                         |
| Қолмен енгізілетін IP                               | Принтердің басқару панелі немесе енгізілген веб сервері арқылы баспа серверіндегі IP мекенжайын қолмен конфигурациялаңыз.                                                                                                                       |
| Желілік телеқатынас                                 | Стандартты IP адресі арқылы конфигурациялау параметрлерін Желілік телеқатынас қосылымын жүйеңізден HP Jetdirect баспа серверіне құру үшін орнатыңыз. Конфигурацияланғаннан кейін баспа сервері өшкенде және қосылғанда конфигурацияны сақтайды. |

#### Кесте 5-4 IP адресін беру (жалғасы)

| Қызмет аты | Сипаттама                                                                                                                                                                                                                                                                                  |
|------------|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| RARP       | Сіз UNIX және Linux жүйелеріндегі RARP пайдалану үшін баспа серверін конфигурациялай аласыз. Баспа серверінің RARP сұрауына жауап беру үшін RARP протоколын пайдаланып, баспа серверін IP мекенжайымен қамтамасыз етіңіз. RARP әдісі тек IP мекенжайын конфигурациялауға мүмкіндік береді. |
| ARP/PING   | Сіз HP Jetdirect баспа серверін IP мекенжайымен бар жүйедегі <code>arp</code> командасы арқылы конфигурациялай аласыз. Конфигурация жасалатын жұмыс станциясы HP Jetdirect баспа серверімен бір желілік сегментте орналасуға тиісті.                                                       |

## Өнімді желіде орнатыңыз

Бұл конфигурацияда өнім желіге тікелей қосылады және желідегі барлық компьютерлерге өнім арқылы тікелей басып шығаруға мүмкіндік беру үшін өнімді конфигурациялауға болады.

 **ЕСКЕРІМ:** Бұл режим өнім үшін ұсынылған желілік конфигурация болып табылады.

1. Өнімді қосудан бұрын желілік кабельді өнімнің желілік портына жалғау арқылы өнімді тікелей желіге қосыңыз.
2. Өнімді қосыңыз, 2 минут күтіңіз, содан кейін конфигурациялық бетті басып шығару үшін басқару панелін пайдаланыңыз.

 **ЕСКЕРІМ:** Келесі қадамға өтуден алдын конфигурациялық бетте IP адресінің көрсетілгенін тексеріңіз. Егер IP адресі көрсетілмесе, конфигурациялық бетті қайта басып шығарыңыз.

3. Өнімнің шағын дискісін (CD) компьютеріңізге салыңыз. Егер орнату бағдарламасы іске қосылмаса, шағын дискідегі `setup.exe` файлына барып, оны екі рет басыңыз.
4. Орнату бағдарламасының нұсқауларын орындаңыз.

 **ЕСКЕРІМ:** Орнату бағдарламасы желілік адресіті сұрағанда, орнату бағдарламасын іске қосудың алдында басып шығарылған конфигурациялық бетте көрсетілген IP адресін енгізіңіз немесе өнімді желіден іздеңіз.

5. Орнату үрдісі аяқталғанша күтіңіз.

## Желілік өнімді конфигурациялаңыз

### Желі параметрлерін көру немесе өзгерту

Сіз енгізілген Веб-серверін IP адресі параметрлерін көру немесе өзгерту үшін пайдалана аласыз.

1. Конфигурациялау бетін басып шығарып, IP мекенжайын табыңыз.

- Егер сіз IPv4 пайдаланып отырған болсаңыз, IP адресі тек сандардан тұрады. Ол келесідей қалыпта болады:

xxx . xxx . xxx . xxx

- Егер сіз IPv6, пайдаланып отырған болсаңыз, IP адресі таңбалар мен сандардың оналтылық тіркестерінен тұрады. Ол келесідей қалыпта болады:

xxxx : : xxx : xxxx : xxxx : xxxx

2. Енгізілген Веб-серверін ашу үшін IP адресін Веб-браузер жолағына теріңіз.
3. Желі жөніндегі ақпаратты алу үшін **Networking** (Желіге қосылу) жиекбелгісін басыңыз. Сіз параметрлерді қалауыңыз бойынша өзгерте аласыз.

### Желілік кілтсөзді орнату немесе өзгерту

Желілік кілтсөзді орнату үшін немесе бар кілтсөзді өзгерту үшін енгізілген Веб-серверін пайдаланыңыз.

1. Енгізілген веб серверді ашып, **Networking** (Желіге қосылу) жиекбелгісін басыңыз.
2. Сол жақ панельдегі **Authorization** (Авторизация) батырмасын басыңыз.



**ЕСКЕРІМ:** Егер кілтсөз алдын ала орнатылған болса, сізге кілтсөзді теру ұсынылады. Кілтсөзді енгізіп, **Қолдану** батырмасын басыңыз.

3. Жаңа кілтсөзді **Кілтсөзді құптау** жолағы мен **Кілтсөз** жолағына енгізіңіз.
4. Кілтсөзді сақтау үшін терезенің төменгі жағындағы **Қолдану** батырмасын басыңыз.

### IP адресі

Өнімнің IP адресін қолмен орнатуға болады немесе оны DHCP, BootP немесе AutoIP протоколдары арқылы автоматты түрде конфигурациялауға болады.

### Автоматты түрде конфигурациялау

1. Өнімнің басқару панелінде **OK** батырмасын басыңыз.
2. **Желі конфигурациясы** таңдап алу үшін көрсеткіштерді пайдаланып, **OK** батырмасын басыңыз.
3. **BOOTP** немесе **DHCP** таңдап алу үшін көрсеткіштерді пайдаланып, **OK** батырмасын басыңыз.
4. **Иә** таңдап алу үшін көрсеткіштерді пайдаланып, **OK** батырмасын басыңыз.

Автоматты IP адресі пайдалануға дайын болғанша бірнеше минут уақыт өтуі мүмкін.

5. **Желі конфигурациясы** мәзірін қалдыру үшін **Back** (Артқа) немесе **Cancel** (Бас тарту) батырмасын пайдаланыңыз.



**ЕСКЕРІМ:** Енгізілген веб-сервер немесе тек HP ToolboxFX арқылы арнайы автоматты IP күйлерін (BOOTP, DHCP немесе AutoIP сияқты) өзгертуге болады. Егер AutoIP ажыратылса, HP бойынша стандартты IP (192.0.0.192) автоматты түрде қосылады.

### Қолмен конфигурациялау

1. Өнімнің басқару панелінде **OK** батырмасын басыңыз.
2. **Желі конфигурациясы** таңдап алу үшін көрсеткіштерді пайдаланып, **OK** батырмасын басыңыз.
3. **CFG TCP/IP** таңдап алу үшін көрсеткіштерді пайдаланып, **OK** батырмасын басыңыз.
4. **BOOTP** таңдап алу үшін көрсеткіштерді пайдаланып, мәні **Жоқ** екенін тексеріп, **OK** батырмасын басыңыз.
5. **DHCP** таңдап алу үшін көрсеткіштерді пайдаланып, мәні **Жоқ** екенін тексеріп, **OK** батырмасын басыңыз.
6. **IP BYTE 1** таңдап алу үшін көрсеткіштерді пайдаланып, **OK** батырмасын басыңыз.
7. **IP BYTE 1** мәнін өзгерту үшін көрсеткіштерді пайдаланып, **OK** батырмасын басыңыз.
8. **IP BYTE 2**, **IP BYTE 3** және **IP BYTE 4** үшін 6-шы және 7-ші қадамдарды қайталаңыз. Сондай-ақ, Желі пердесінің бөлігі (**SM BYTE 1**, **SM BYTE 2**, **SM BYTE 3**, **SM BYTE 4**) және Стандартты шлюз (**GW BYTE 1**, **GW BYTE 2**, **GW BYTE 3**, **GW BYTE 4**) үшін 6-шы және 7-ші қадамдарды қайталаңыз.
9. **Желі конфигурациясы** мәзірін қалдыру үшін **Back** (Артқа) немесе **Cancel** (Бас тарту) батырмасын пайдаланыңыз.

### IPv4 және IPv6 параметрлері

IPv4 және IPv6 протоколдарын қолмен конфигурациялауға болады. IPv4 протоколын HP ToolboxFX немесе өнімнің басқару панелінен орнатуға болады. IPv6 протоколын өнімнің басқару панелінен немесе енгізілген веб-серверден орнатуға болады.

### Байланыс жылдамдығының параметрі



**ЕСКЕРІМ:** Байланыс жылдамдығының параметрін дұрыс емес өзгерту өнім мен басқа желілік құрылғылар арасындағы байланысқа жол бермеуі мүмкін. Көп жағдайларда өнім автоматты режимде қалуы тиіс. Өзгертулер енгізілгенде өнім ажыратылып қайта қосылуы мүмкін. Өзгертулер өнім бос тұрған кезде ғана енгізілуі тиіс.

1. Өнімнің басқару панелінде **OK** батырмасын басыңыз.
2. **Желі конфигурациясы** таңдап алу үшін көрсеткіштерді пайдаланып, **OK** батырмасын басыңыз.
3. **CFG LINK** (CFG Байланысы) опциясын таңдау үшін көрсеткіштерді пайдаланып, **OK** батырмасын басыңыз.

4. **LINK** (Байланыс) таңдап алу үшін көрсеткіштерді пайдаланып, **OK** батырмасын басыңыз.
5. Келесі параметрлердің бірін таңдау үшін бағыт көрсеткіш батырмаларды пайдаланыңыз.
- **AUTO (Авто)**
  - **10T HALF (10T Орташа)**
  - **10T FULL (10T Толық)**
  - **100TX HALF (100TX Орташа)**
  - **100TX FULL (100TX Толық)**
  - **100TX AUTO (100TX Авто)**
  - **1000TX FULL (1000TX Толық)**

---

 **ЕСКЕРІМ:** Параметр сіз қосылатын желілік өнімге (желілік хаб, қосқыш, шлюз, маршруттауыш немесе компьютер) сәйкес келуі қажет.

---

---

## 6 Қағаз және баспа медиасы

- [Басып шығаруға арналған қағаз бен арқауларды пайдалану туралы](#)
- [Қолдаулы қағаз және баспа құралдарының өлшемдері](#)
- [Стандартты емес қағаз пішімдері](#)
- [Қолдаулы қағаз және баспа құралдарының түрлері](#)
- [Науа және қалта сыйымдылығы](#)
- [Арнайы қағазды немесе басып шығаруға арналған арқауларды пайдалану бойынша ұсынымдар](#)
- [Науаларды толтыру](#)
- [Науаларды конфигурациялау](#)
- [Қағазды шығару опцияларын пайдаланыңыз](#)

## Басып шығаруға арналған қағаз бен арқауларды пайдалану туралы

Осы құрылғы осы пайдаланушы нұсқаулығында баяндалған талаптарға сай келетін түрлі басып шығарғыш арқауларымен жұмыс істеуге арналып жасалған. Аталған талаптарға сай келмейтін қағазды немесе арқауларды пайдалану мынадай салдарға әкеліп соғуы мүмкін:

- басып шығару сапасының төмендеуі;
- қағаздың жиі кептеліп қалуы;
- құрылғының механикалық бөлшектерінің мерзімінен бұрын тозып, соның салдарынан оның жиі жөнделуі;

Ең жоғары нәтиже алу үшін, тек қана HP сауда белгісімен шыққан қағазды және лазерлі принтерлерге арналған немесе әмбебап баспа құралдарды пайдаланыңыз. Ағынша принтерлері үшін жасалған қағазды немесе баспа құралдарын пайдаланбаңыз. Hewlett-Packard компаниясы басқа сауда белгілерімен шыққан баспа құралдарын пайдалану жөнінде ұсыныс жасай алмайды, себебі HP олардың сапасын бақылай алмайды.

Кейбір жағдайларда тіпті осы пайдаланушы нұсқаулығында баяндалған талаптарға сай келетін қағазға басып шығарған кезде де, басып шығару сапасының қанағаттанарлықсыз болуы байқалады. Мұндай қиындық арқауды дұрыс қолданбаудың, қолайсыз температура мен ылғалдылық жағдайында пайдаланудың, сондай-ақ Hewlett-Packard компаниясының бақылауы мүмкін емес басқа да мән-жайлардың салдарынан орын алуы мүмкін.

---

△ **ЕСКЕРТУ:** HP компаниясы белгілеген талаптарға сай келмейтін арқауды пайдалану басып шығарғыштың зақымдалуына және оны жөндеу қажет болуына әкеліп соғуы мүмкін. Мұндай жөндеуге Hewlett-Packard компаниясының кепілдігі немесе техникалық қызмет көрсету туралы келісімі таралмайды.

---

# Қолдаулы қағаз және баспа құралдарының өлшемдері

Бұл өнім қағаз өлшемдерінің көптеген өлшемдерін қолдап, түрлі баспа құралдарына бейімделеді.



**ЕСКЕРІМ:** Ең жақсы нәтижелерге қол жеткізу үшін басып шығарда принтер драйверіне қағаздың дұрыс өлшемі мен түрін таңдаңыз.

**Кесте 6-1** Қолдаулы қағаз және баспа құралдарының өлшемдері

| Өлшемдер                            | 1-Науа | 2-науа | Таңдаулы 500<br>парақты 3-науа | Дуплексер (тек<br>дуплексті<br>үлгілерде) |
|-------------------------------------|--------|--------|--------------------------------|-------------------------------------------|
| Letter<br>216 x 279 мм              | ✓      | ✓      | ✓                              | ✓                                         |
| Legal<br>216 x 356 мм               | ✓      | ✓      | ✓                              | ✓                                         |
| A4<br>210 x 297 мм                  | ✓      | ✓      | ✓                              | ✓                                         |
| A5<br>148 x 210 мм                  | ✓      | ✓      | ✓                              |                                           |
| A6<br>105 x 148 мм (4,1 x 5,8 дюйм) | ✓      | ✓      | ✓                              |                                           |
| B5 JIS<br>182 x 257 мм              | ✓      | ✓      | ✓                              |                                           |
| Executive<br>184 x 267 мм           | ✓      | ✓      | ✓                              |                                           |
| Ашықхат (JIS)<br>100 x 148 мм       | ✓      |        |                                |                                           |
| Қос ашықхат (JIS)<br>148 x 200 мм   | ✓      |        |                                |                                           |
| 16K<br>184 x 260 мм                 | ✓      |        |                                |                                           |
| 16K<br>195 x 270 мм                 | ✓      |        |                                |                                           |
| 16K<br>197 x 273 мм                 | ✓      |        |                                |                                           |
| 8,5 x 13<br>216 x 330 мм            | ✓      | ✓      | ✓                              | ✓                                         |

**Кесте 6-1 Қолдаулы қағаз және баспа құралдарының өлшемдері (жалғасы)**

| Өлшемдер                                                                  | 1-Науа | 2-науа | Таңдаулы 500<br>парақты 3-науа | Дуплексер (тек<br>дуплексті<br>үлгілерде) |
|---------------------------------------------------------------------------|--------|--------|--------------------------------|-------------------------------------------|
| Коммерциялық конверт #10<br>105 x 241 мм                                  | ✓      |        |                                |                                           |
| B5 ISO Конверті<br>176 x 250 мм                                           | ✓      |        |                                |                                           |
| C5 ISO Конверті<br>162 x 229 мм                                           | ✓      |        |                                |                                           |
| DL ISO Конверті<br>110 x 220 мм                                           | ✓      |        |                                |                                           |
| Monarch конверті<br>98 x 191 мм                                           | ✓      |        |                                |                                           |
| Бейімделген<br>76 x 127 мм-216 x 356 мм<br>(3,0 x 5,0 дюйм-8,5 x 14 дюйм) | ✓      |        |                                |                                           |

## Стандартты емес қағаз пішімдері

Осы құрылғы стандартты емес түрлі қағаз пішімдеріне қолдау көрсетеді. Қолдау көрсетілетін стандартты емес қағаз пішімдеріне осы құрылғыға арналған ең кіші және ең үлкен өлшемдердің шегіндегі, бірақ қолдау көрсетілетін арқаулар кестесінде көрсетілмеген қағаз өлшемдері жатады. Стандартты емес қағаз пішімдерімен жұмыс істеген кезде оны басып шығарғыштың драйверінде көрсетіп, қағазды стандартты емес қағаз пішімдеріне қолдау көрсететін науаға салу керек.

## Қолдаулы қағаз және баспа құралдарының түрлері

Осы өніммен қолданатын арнайы HP атаулы қағаздың толық тізімін көру үшін [www.hp.com/support/ljp2050series](http://www.hp.com/support/ljp2050series) өтіңіз.

| Қағаз түрлері (басқару панелі) | Қағаз түрлері (принтер драйвері) | 1-Науа | 2-науа | Таңдаулы 500 парақты 3-науа | Дуплексер (тек дуплексті үлгілерде) |
|--------------------------------|----------------------------------|--------|--------|-----------------------------|-------------------------------------|
| ҚАРАПАЙЫМ 75–95 Г              | Teric                            | ✓      | ✓      | ✓                           | ✓                                   |
| ЖЕҢІЛ 60-74 Г                  | Жеңіл 60-74 г                    | ✓      | ✓      | ✓                           | ✓                                   |
| ОРТАША САЛМАҚТЫ                | Орташа салмақты                  | ✓      | ✓      | ✓                           | ✓                                   |
| АУЫР 111–130 Г                 | Ауыр 111–130 г                   | ✓      | ✓      | ✓                           |                                     |
| ӨТЕ АУЫР 131–175 Г             | Өте ауыр 131–175 г               | ✓      |        |                             |                                     |
| ДИАПОЗИТИВ                     | Монохромды лазерлі диапозитив    | ✓      | ✓      | ✓                           |                                     |
| ЖАПСЫРМАЛАР                    | Жапсырмалар                      | ✓      |        |                             |                                     |
| БЛАНК                          | Бланк                            | ✓      | ✓      | ✓                           | ✓                                   |
| АЛДЫНАЛА БАСЫЛҒАН              | Алдынала басылған                | ✓      | ✓      | ✓                           | ✓                                   |
| АЛДЫНАЛА ТЕСІЛГЕН              | Алдынала тесілген                | ✓      | ✓      | ✓                           | ✓                                   |
| ТҮС                            | Түсті                            | ✓      | ✓      | ✓                           | ✓                                   |
| ТЕГІС ЕМЕС                     | Тегіс емес                       | ✓      | ✓      | ✓                           |                                     |
| ОБЛИГАЦИЯ                      | Облигация                        | ✓      | ✓      | ✓                           | ✓                                   |
| Басып шығарылатын әр парақтың тапсырысын өзгерте аламын                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                         | <p>а) <b>Document Options</b> (Құжат Опциясы) бөлімін ашыңыз және содан кейін <b>Layout Options</b> (Буклет Опциялары) бөлімін ашыңыз. ә) <b>Page Order</b> (Қағазға тапсырыс беру) жайылмалы тізімнен құжатта тұрғандай дәл сол сияқты тапсырыспен басып шығару үшін <b>Front to Back</b> (Алдынан артқа қарай) таңдаңыз немесе парақты реверс тапсырысымен басып шығару үшін <b>Back to Front</b> (Артынан алдыға қарай) таңдаңыз.</p> |



---

## 9 Өнімді басқару және оған техникалық қызмет көрсету

- [ақпарат беттерді басып шығару](#)
- [HP ToolboxFX бағдарламалық жасақты пайдалану](#)
- [Желлік өнімді басқару](#)
- [Өнімді кілттеу](#)
- [Қамсыздандыру материалдарын басқару](#)
- [Қамсыздандыру материалдары мен қосалқы бөлшектерді ауыстыру](#)
- [Жадты орнату](#)
- [Өнімді тазалау](#)

## ақпарат беттерді басып шығару

Өнімнің басқару панелінен **Есептер** мәзірі арқылы өнім мен ағымдағы конфигурация туралы мәлімет беретін ақпараттық беттерді басып шығаруыңызға болады.

| Есептің атауы                          | Сипаттамасы                                                                                                                                                                                                                                        |
|----------------------------------------|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| Таныстыру беті                         | Басып шығару сапасын көрсететін бетті басып шығарады.                                                                                                                                                                                              |
| Мәзір құрылымы                         | Басқару панелі мәзірінің тармақтарының жобасы мен ағымдық параметрлерін көрсететін басқару панелі мәзірінің картасы.                                                                                                                               |
| Конфигурациялау есебі                  | Өнімнің ағымдық конфигурациясын басып шығарады.                                                                                                                                                                                                    |
| Жабдықтардың мәртебесі                 | Өнімге арналған жабдықтар деңгейін, қалған беттердің шамалас санын, картриджді пайдалану туралы ақпаратты, сериялық нөмірді, бетті есептеуді және қол жетімді болғанда тапсырыс беру туралы ақпаратты көрсететін жабдық күйі бетін басып шығарады. |
| Желілік есеп                           | Өнімнің барлық параметрлерінің тізімін басып шығарады.                                                                                                                                                                                             |
| Беттердің пайдаланылуы                 | Өнімнен өткен барлық қағаз өлшемдерінің санағын көрсететін, олардың бір жақты немесе екі жақты екендігін тізімдейтін бетті басып шығарады (тек дуплексті үлгілерде) және бет санын көрсетеді.                                                      |
| PCL Font List (PCL қаріптер тізімі)    | Сол мезетте өнімде бар барлық PCL қаріптерін көрсететін PCL қаріптерінің тізімін басып шығарады.                                                                                                                                                   |
| PS қаріптер тізімі                     | Сол мезетте өнімде бар барлық PS қаріптерін көрсететін PS қаріптерінің тізімін басып шығарады.                                                                                                                                                     |
| PCL6 Font List (PCL 6 қаріптер тізімі) | Орнатылған барлық PCL 6 қаріптер тізімін басып шығарады.                                                                                                                                                                                           |
| Қызмет беті                            | Қызметтік есепті басып шығарады                                                                                                                                                                                                                    |

### Ақпарат беттерді басып шығару

1. **OK** батырмасын басыңыз.
2. ▼ төмен көрсеткішін **Есептер** параметрін таңдау үшін басып, одан кейін **OK** батырмасын басыңыз.
3. Қажетті есепті таңдау үшін төмен көрсеткішін ▼ басып, басып шығару үшін **OK** батырмасын басыңыз.

# HP ToolboxFX бағдарламалық жасақты пайдалану

HP ToolboxFX өзіңіз келесі тапсырмаларды орындау үшін пайдалана алатын бағдарлама болып табылады:

- Өнім мәртебесін тексеру.
- Өнім параметрлерін конфигурациялау.
- Ақаулықтарды түзету жөніндегі ақпаратты көру.
- Онлайн құжаттаманы көру.

Сіз HP ToolboxFX өнім тікелей компьютерге немесе желіге қосылған жағдайда көре аласыз. Сіз HP ToolboxFX пайдалану үшін бағдарламалық құралдың ұсынылатын толық орнатылуын жүзеге асыруыңыз тиіс.

## HP ToolboxFX Қараңыз

HP ToolboxFX келесі жолдардың бірімен ашуға болады:

- Windows жүйелік науасында немесе өзіңіздің жұмыс столыңызда HP ToolboxFX белгішесін екі рет басыңыз.
- Windows **Start** (Бастау) мәзірінде **Programs** (Бағдарламалар) (немесе Windows XP жүйесінде **All Programs** (Барлық бағдарламалар) батырмасын басып, **HP** белгішесін, одан кейін **HP LaserJet P2050 сериялы** шертіңіз және ең соңында **HP ToolboxFX** шертіңіз.

## Күй

**Status** (Мәртебе) папкасында келесідей негізгі беттерге сілтемелер бар:

- **Device Status** (Құрылғы мәртебесі). Бұл бетте өнімнің кептелу немесе босап қалған науа сияқты күйлері көрсетіледі. Сіз мәселенің шешімін тапқаныңыздан кейін өнім мәртебесін жаңарту үшін **Refresh status** (Мәртебені Жаңарту) батырмасын басыңыз.
- **Supplies Status** (Жабдықтар Мәртебесі). Жабдықтар жөніндегі баспа картриджінің қалған қызмет мерзімінің мөлшерлі пайыздық көрсеткішін, ағымдағы баспа картриджінің көмегімен басылып шығарылған беттер саны сияқты егжей-тегжейлі ақпаратын көріңіз. Оған қоса бұл бетте жабдықтарға тапсырыс беру және қайта пайдалану жөніндегі ақпарат сілтемелері бар.
- **Device Configuration** (Құрылғы конфигурациясы). Өнімнің ағымды конфигурациясы жөніндегі, соның ішінде орнатылған жад көлемі мен қандай қосымша науаның орнатылғандығы жөніндегі егжей-тегжейлі сипаттамасын көріңіз.
- **Network Summary** (Желілік аңдатпа). Желінің ағымды конфигурациясы жөніндегі, соның ішінде IP адресі мен желі мәртебесі жөніндегі егжей-тегжейлі сипаттамасын көріңіз.
- **Print Info Pages** (Ақпараттық беттерді басып шығару). Конфигурациялау беті мен жабдықтар күйінің беті сияқты өзгедей ақпарат беттерін басып шығару.
- **Event log** (Оқиғаларды тіркеу журналы). Өнім қателіктерінің жазбаларын көре аласыз. Ең көп кездесетін қателіктер бірінше болып берілген.

## Оқиғалар журналы

Оқиғалар журналы өнімнің басқару панелінің дисплейіне шығарылған қателіктер жөніндегі хабарларға сәйкес келетін кодтар, әр қателіктің қысқаша сипаттамасы және әр қателік орын алу барысында басылып шығарылған бет саны келтірілген кесте болып табылады. Қателіктер хабарламалары жөніндегі көбірек ақпаратты табу үшін [Басқару панеліндегі хабарларды аудару 111-бетте](#) торабын қараңыз.

## Дабылдар

**Alerts** (Сигналдық хабарлар) папкасында келесідей негізгі беттерге сілтемелер бар:

- **Setup Status Alerts** (Орнатпа Мәртебесінің Сигналдық хабарлары). Өнімді өзіңізге тонердің төмен деңгейі сияқты кейбір жағдайларда жайылмалы сигналдық хабарларды шығаруға баптаңыз.
- **Set up E-mail Alerts** (Электрондық пошта сигналдық хабарларын баптау). Өнімді өзіңізге тонердің төмен деңгейі сияқты кейбір жағдайларда жайылмалы сигналдық хабарларды шығаруға баптаңыз.

## Орнатпа Мәртебесінің Сигналдық хабарлары

Оны өнім компьютеріңізге қағаз кептелгенде, HP картриджінің тонер деңгейі азайғанда, HP-емес баспа картриджі қолданылғанда, кіріс науасы босағанда және ерекше қателік жөніндегі хабар орын алғанда сигналдық хабарын жіберу үшін баптаңыз.

Қабылдау жайылмалы мәзірін, тапсырмалар панелінің белгішесін, жұмыс үстелінің сигналдық хабарын және осылардың барлығының комбинациясын таңдаңыз. Жайылмалы хабар тек өнім сигналдық хабарлар бапталған компьютерден басып шығару барысында ғана шығарылады. Жұмыс үстелінің сигналдық хабары қысқа мерзімге ғана көрсетіліп, автоматты түрде жоғалады.

Тонердің аз деңгейі жөніндегі хабар жіберетін **Cartridge low threshold** (Картридждің төменгі шегі) параметрін **System setup** (Жүйені орнату) бетінде өзгертіңіз.

 **ЕСКЕРІМ:** Сіздің өзгертулеріңіз күшіне енуі үшін сіз **Apply** (Қолдану) батырмасын басуыңыз керек.

## Электрондық пошта сигналдарын орнату

Өнімді өзіңізге кейбір жағдайларда электрондық пошта хабарларын жіберетін екіге дейін электрондық пошта адресін белгілеу үшін пайдаланыңыз. Сіз әр электрондық пошта адресі үшін жеке оқиғаны белгілей аласыз. Өзіңізге электрондық пошта арқылы өнім жөніндегі сигналдық хабарын жіберетін электрондық пошта сервері үшін қажетті ақпаратты пайдаланыңыз.

 **ЕСКЕРІМ:** Сіз серверден жіберіліп, пайдаланушының аутентификациясын қажет етпейтін электрондық пошта хабарын тек конфигурациялай ғана аласыз. Егер электрондық пошта серверіңіз пайдаланушы атын және кілтсөзді көрсете отырып кіруді қажет ететін болса, сіз электрондық пошта хабарларын қоса алмайсыз.

**ЕСКЕРІМ:** Сіздің өзгертулеріңіз күшіне енуі үшін сіз **Apply** (Қолдану) батырмасын басуыңыз керек.

## Анықтамалық

**Help** (Анықтамалық) папкасында келесідей негізгі беттерге сілтемелер бар:

- **Troubleshooting** (Ақауларды табу және жою). ақаулықтарды түзету анықтамасының тақырыптарын көріп, ақаулықтарды түзету беттерін басып шығарып, өнімді тазалаңыз.
- **Paper and Print Media** (Қағаз және баспа құралы). Өніміңіздің көбігімен қағаз бен баспа құралдарының әр түрлерін пайдалана отырып оңтайлы нәтижелерге қол жеткізуге болатындығы жөніндегі ақпаратты басып шығарады.
- **How do I? (Қалай істеймін?)** Пайдаланушы нұсқаулығы индексіне сілтеме.
- **User Guide** (Пайдаланушы Нұсқаулығы). Өнімді пайдалану, кепілдік, ерекшеліктері және қолдау жөніндегі ақпаратты көріңіз. Пайдаланушы нұсқаулығын HTML және PDF форматтарында да бар.

## Құрылғы Параметрлері.

**Device Settings** (Құрылғы Параметрлері) папкасында келесідей негізгі беттерге сілтемелер бар:

- **Device Information** (Өнім жөніндегі ақпарат). Өнім сипаттамасы және істес адамдар жөніндегі ақпарат сияқты өнім туралы мәліметтерді көріңіз.
- **Paper Handling** (Қағазды қолдану). Өнімнің стандартты қағаз өлшемі және стандартты қағаз түрі сияқты қағаз салу параметрлерін конфигурациялау.
- **Printing** (Басып шығару). Өнімнің нұсқалар саны мен қағаздың бағытталуы сияқты стандартты параметрлерін өзгерту.
- **PCL 5**. PCL параметрлерін өзгерту.
- **PostScript**. PS параметрлерін өзгерту.
- **Paper Types** (Қағаз Түрлері). Әр баспа құралы түріне арналған бланк, алдын ала тесілген немесе жылтыр қағаз сияқты баспа режимдерін өзгерту.
- **System Setup** (Жүйені орнату). Жүйенің кептелудің орнын басу және авто жалғастыру сияқты баптауларын өзгерту. Тонердің аз деңгейі жөніндегі хабар жіберетін **Cartridge low threshold** (Картридждің төменгі шегі) параметрін өзгерту.
- **Troubleshooting** (Ақауларды табу және жою). Өнімді сақтау үшін қажетті түрлі іс рәсімдеріне қатынасыңыз.
- **Password** (Кілтсөз). Құрылғы параметрлерін сақтандыру үшін кілтсөз орнату. Кілтсөз бір рет орнатылған болса, құрылғы параметрлерін өзгертер алдында пайдаланушыдан кілтсөзді енгізу сұратылады. Бұл кілтсөз енгізілген веб-серверінің кілтсөзіне ұқсас.

## Құрылғы туралы ақпарат

Құрылғы жөніндегі ақпарат бетінде өніміңіз жөніндегі ақпарат болашақта біліп жүру үшін сақталған. Осы бет жолақтарына енгізген аКонфигурациялау бетінде шығарылады. Сіз бұл жолақтардың әр қайсысында кез-келгенін таңбаларды тере аласыз.



**ЕСКЕРІМ:** Сіздің өзгертулеріңіз күшіне енуі үшін сіз **Apply** (Қолдану) батырмасын басуыңыз керек.

## Қағазды Қолдану

Осы опцияны стандартты параметрлеріңізді конфигурациялау үшін пайдаланыңыз. Бұл опциялар басқару панеліндегі басқару панелі мәзірінен қол жеткізуге болатын опциялармен бірдей. Толық ақпарат алу үшін [Басқару панелінің мәзірлерін пайдаланыңыз 11-бетте](#) қараңыз.

Өнімде баспа құралдары болмаған жағдайда баспа тапсырмасын орындаудың келесі опцияларын пайдалануға болады:

- **Wait for paper to be loaded** (Қағаз салынғанша күтіңіз) опциясын таңдаңыз.
- Баспа тапсырмасын тоқтату үшін **Paper out action** (Қағаз таусылғандағы әрекет) жайылмалы мәзірінде **Cancel** (Бас тарту) батырмасын таңдаңыз.
- Баспа тапсырмасын өзге қағаз науасына жіберу үшін тоқтату үшін **Paper out time** (Қағаз таусылу уақыты) жайылмалы мәзірінде **Override** (Орнын басу) батырмасын таңдаңыз.

**Paper out time** (Қағаз таусылу уақыты) жолағында өнімнің таңдауыңыз бойынша амал орындау алдында қанша уақыт үзіліс жасайтындығы белгіленеді. Сіз 0-3600 секунд аралығын белгілей аласыз.

 **ЕСКЕРІМ:** Сіздің өзгертулеріңіз күшіне енуі үшін сіз **Apply** (Қолдану) батырмасын басуыңыз керек.

## Басып шығару

Осы опцияларды барлық баспа қызметтерінің параметрлерін конфигурациялау үшін пайдаланыңыз. Бұл опциялар басқару панелінен қол жеткізуге болатын опциялармен бірдей. Толық ақпарат алу үшін [Басқару панелінің мәзірлерін пайдаланыңыз 11-бетте](#) қараңыз.

 **ЕСКЕРІМ:** Сіздің өзгертулеріңіз күшіне енуі үшін сіз **Apply** (Қолдану) батырмасын басуыңыз керек.

## PCL 5c

Осы опцияларды PCL баспа ерекшеліктерін пайдаланғаныңызда параметрлерді конфигурациялау үшін пайдаланыңыз.

 **ЕСКЕРІМ:** Сіздің өзгертулеріңіз күшіне енуі үшін сіз **Apply** (Қолдану) батырмасын басуыңыз керек.

## PostScript.

Осы опцияларды PostScript баспа ерекшеліктерін пайдаланғаныңызда параметрлерді конфигурациялау үшін пайдаланыңыз. **Print PostScript error** (Баспа PostScript қателігі) опциясы қосылған жағдайда PostScript қателігі орын алғанда PostScript қателігінің беті автоматты түрде басылып шығарылады.

 **ЕСКЕРІМ:** Сіздің өзгертулеріңіз күшіне енуі үшін сіз **Apply** (Қолдану) батырмасын басуыңыз керек.

## Баспа сапасы

Баспа тапсырмаларының орындалуын жақсарту үшін HP ToolboxFX баспа сапасы опциясын пайдаланыңыз. Бұл өнімнің басқару панелінен қол жеткізуге болатын ұқсас опциялар болып табылады. Көбірек білу үшін, қараңыз [Басқару панелінің мәзірлерін пайдаланыңыз 11-бетте](#).

Баспа құралын басқаруға арналған төрт опция болып ажыратымдылық, REt (Resolution Enhancement technology (Ажыратымдылықты Жақсарту технологиясы), баспа тығыздығы және EconoMode (Үнемдеу режимі) табылады.

- **Resolution** (Ажыратымдылық). Орташа баспа тапсырмалары үшін 600 ажыратымдылығын және жоғары сапалы баспа тапсырмалары үшін 1200 жылдам ажыратымдылығын таңдаңыз. Ең жоғары сапалы баспа тапсырмасы үшін 1200 арақатынасты ажыратымдылығын таңдаңыз.
- **REt** (Ажыратымдылықты Жақсарту технологиясы). Сіз HP компаниясымен жақсартылған баспа сапасы үшін әзірленген REt (Ажыратымдылықты Жақсарту технологиясы) опциясын қоса аласыз.
- **Print density** (Баспа тығыздығы). Ұлғайтылған баспа тығыздығы үшін көбірек мәнді санды таңдаңыз. Төмендетілген баспа тығыздығы үшін азырақ мәнді санды таңдаңыз.
- **EconoMode** (Үнемдеу режимі). Үнемдеу режимін баспа жобаларын басып шығарғанда қосыңыз. EconoMode (Үнемдеу режимі) құрылғыға әр бетке азырақ тонерді пайдалану мүмкіндігін беретін функция болып табылады. Бұл опцияны пайдалану тонер жабдығының қызмет мерзімін арттырып, әр беттің өзіндік құнын төмендетеді. Дегенмен, ол баспа сапасын да төмендетеді. Басып шығарылған бейнелер ашықтау, бірақ баспа жобалары мен үлгілер үшін жарамды. HP Үнемдеу режимін үздіксіз қолдануды ұсынбайды. Үнемдеу режимі үздіксіз қолданылу жағдайында тонер мөлшері баспа картриджінің механикалық бөліктерінің қызмет ету мерзімінен асып кетуі мүмкін. Баспа сапасы осы себептерге байланысты төмендей бастау жағдайында сізге баспа картриджінде тонердің қалуына қарамастан жаңа баспа картриджін орнату қажет болады.

 **ЕСКЕРІМ:** Өзгертулеріңіз күшіне енуі үшін сіз **Apply** (Қолдану) батырмасын басуыңыз тиіс.

## Қағаз Түрлері

Осы опцияны түрлі баспа құралдарының түрлеріне сәйкес келетін баспа режимдерін конфигурациялау үшін пайдаланыңыз. Барлық режимдерді зауыттық стандартты параметрлерге қайтару үшін **Restore modes** (Режимдерді қалпына келтіру) тармағын таңдаңыз.

 **ЕСКЕРІМ:** Сіздің өзгертулеріңіз күшіне енуі үшін сіз **Apply** (Қолдану) батырмасын басуыңыз керек.

## Жүйені орнату

Осы жүйе параметрлерін түрлі баспа параметрлерін конфигурациялау үшін пайдаланыңыз. Осы параметрлеріне басқару панелінен қол жеткізуге болмайды.

 **ЕСКЕРІМ:** Сіздің өзгертулеріңіз күшіне енуі үшін сіз **Apply** (Қолдану) батырмасын басуыңыз керек.

## Troubleshooting.

Басу үрдісі барысында қағаз, тонер және шаң түйіршіктері өнім ішінде жиналып қалады. Уақыт өте ол жұғындылар дақ пен ластау сияқты баспа сапасы мәселелерін туындатуы мүмкін. HP ToolboxFX қағаз өту жолын тазалаудың оңай әдісін қамтамасыз етеді. Толық ақпарат алу үшін [Қағаз жолын тазалау 101-бетте](#) бөлімін қараңыз.

## Желі параметрлері

Желілік администратор осы жиекбелгіні өнім IP-негіздегі желіге қосылған жағдайда оның желіге қатысты параметрлерін басқару үшін пайдалана алады.

## Жадбықтар дүкені

Әр беттің жоғарғы жағындағы осы батырма сіз өзінен қосалқы бөлшектерге тапсырыс бере алатын веб-сайтына сілтеме болып табылады. Бұл мүмкіндікті пайдалану үшін сізде интернетке қосылыс болу тиіс.

## Басқа байланыстар)

Бұл бөлімде сізді интернетке қосатын байланыстар бар. Осы байланыстардың кез келгенін пайдалану үшін сізде интернетке қосылыс болуы тиіс. Егер сізде телефон арқылы теріп қосылу байланысы болса және сіз HP ToolboxFX алғаш рет ашқанда байланыса алмасаңыз, сіз веб-сайттарға кірерден бұрын алдымен қосылып алуыңыз керек. Қосылу HP ToolboxFX жауып, қайта ашуыңызды талап етуі мүмкін.

- **HP Instant Support.** HP Instant Support веб-сайтына қосады.
- **Support and Troubleshooting** (Қолдау көрсету және Ақаулықтарды жою). Ішінен нақты мәселе бойынша көмек сұрай алатын қолдау сайтына қосады.
- **Product Registration** (Өнімді Тіркеу). HP өнімді тіркеу веб-сайтына қосады.

# Желлік өнімді басқару

## Енгізілген веб-сервер

Енгізілген веб сервері өнімді және желі мәртебесін көруіңізге және компьютеріңіздегі баспа функцияларын басқаруыңызға мүмкіндік береді. Тапсырмаларды орындау үшін енгізілген веб серверін пайдаланыңыз:

- Өнім мәртебесі жөніндегі ақпаратты көру.
- Барлық материалдардың қалған қызмет ету мерзімін анықтау және жаңаларына тапсырыс беру
- Әрбір науаға салынған қағаздың өлшемі мен түрін қарау және өзгерту
- Өнімнің әдепкі конфигурациялау параметрлерін қарау және өзгерту
- Желінің конфигурациясын көру және өзгерту

Сізге компьютерге бағдарламалық жасақтаманы орнатудың қажеті жоқ. Осындай қолдаудағы веб шолғыштарының біреуін пайдаланыңыз:

- Internet Explorer 6.0 (және кейінгісі)
- Netscape Navigator 7.0 (және кейінгісі)
- Firefox 1.0 (және кейінгісі)
- Mozilla 1.6 (және кейінгісі)
- Opera 7.0 (және кейінгісі)
- Safari 1.2 (және кейінгісі)
- Konqueror 3.2 (және кейінгісі)

Өнім TCP/IP желісіне қосылғанда, енгізілген веб сервер істемейді. Енгізілген веб сервер IPX қосылымдарын немесе тікелей USB қосылымдарын қолданбайды.



**ЕСКЕРІМ:** Енгізілген Веб серверін ашып, пайдалану үшін Интернет байланысы қажет емес. Дегенмен, кез келген бетте берілген сілтемені бассаңыз, сол сілтемемен байланыстырылған сайтқа бару үшін Интернет байланысы болуы қажет.

## Енгізілген Веб серверін ашыңыз

Енгізілген веб серверді ашу үшін IP мекенжайын немесе өнімнің хост атауын қолдаудағы веб-шолғышының мекенжай өрісіне енгізіңіз.



**КЕҢЕС:** URL (Universal Resource Locator - әмбебап ресурс орны) ашылғаннан кейін оған келешекте оңай қайта оралу үшін оның бетбелгісін жасап қойсаңыз болады.

Енгізілген веб-сервері параметрлер мен өнім туралы ақпараты бар үш жиекбелгісінен құралған. **Күй** жиекбелгісі, **Settings** (Параметрлер) жиекбелгісі және **Networking** (Желіге қосылу) жиекбелгісі.

## Күй жиекбелгісі

Бұл жиекбелі өнім және жабдық мәртебесі, өнім және желілік конфигурация және жабдыққа қайта тапсырыс беру туралы ақпаратпен қамтамасыз етеді.

## Параметрлер беті

Бұл жиекбелгі компьютеріңіздегі өнімді конфигурациялауыңызға мүмкіндік береді. Егер өнім желіге қосылса, осы жиекбелгідегі параметрлерді өзгертудің алдында желілік әкімшімен ақылдасыңыз.

## Желі құру беті

Бұл жиекбелгі желілік әкімшінің IP желісіне қосылғанда өнімнің желіге қатысты параметрлерін басқаруына мүмкіндік береді.

## Сілтемелер

Сілтемелер Status (Жай-күй) беттерінің жоғары оң жақ бөлігінде орналасқан. Бұл сілтемелердің кез келген біреуін ашу үшін Интернет байланысы болуы қажет. Егер Интернетке телефон нөмірін теріп кіріп жүрген болсаңыз және енгізілген Веб сервері ашылған кезде оған қосылмаған болсаңыз, бұл Веб сайттарына кірерден бұрын байланысты орнатуыңыз қажет болады. Байланыс орнату үшін енгізілген Веб серверін жауып, қайтадан ашу қажет болуы мүмкін.

- **Order Supplies** (Қамсыздандыру құралдарына тапсырыс беру). Бұл сілтемені басып, Sure Supply Web сайтына кіріңіз және таңдауыңыз бойынша HP компаниясынан немесе делдалдан нағыз HP қамсыздандыру құралдарына тапсырыс беріңіз.
- **Өнімді қолдау**. Өнімді қолдау торабына қосылу үшін осы сілтемені басыңыз. Жалпы тақырыптарға қатысты анықтаманы іздеуіңізге болады.

## HP Web Jetadmin бағдарламалық құралын пайдалану

HP Web Jetadmin желі арқылы қосылатын шалғай құрылғыларды алыстан орнату, бақылау және жөндеуге арналған интернет технологияларына негізделген бағдарламалық шешім болып табылады. Қолайлы браузер интерфейсі бірқатар құрылғылардың, соның ішінде HP шығарған және HP шығармаған құрылғылардың платформааралық басқаруын жеңілдетеді. Басқару белсенді түрде жүргізіліп, желі администраторларының мәселелерді пайдаланушыларға еш ықпалы тиместен шешуіне мүмкіндік береді. Бұл тегін, басқарылуы жетілдірілген бағдарламалық құралды [www.hp.com/go/webjetadmin\\_software](http://www.hp.com/go/webjetadmin_software) сайт бетінен жүктеп алыңыз.

HP Web Jetadmin үшін қосымша бағдарламалар алу үшін **plug-ins** (қосымша бағдарламалар) басып, содан кейін сізге керекті қосымша бағдарлама атауының жанындағы **download** (жүктеу) сілтемесін басыңыз. HP Web Jetadmin бағдарламасы жаңа қосымша бағдарламалар пайда болған кезде сізге автоматты түрде хабар береді. HP веб-сайтына автоматты түрде қосылу үшін **Product Update** (Өнімді жаңарту) бетіндегі нұсқауларды орындаңыз.

Егер хост-серверге орнатылған болса, HP Web Jetadmin бағдарламасын Windows жүйесіне арналған Microsoft Internet Explorer 6.0 немесе Linux жүйесіне арналған Netscape Navigator 7.1 сияқты қолдау көрсетілетін веб-браузері арқылы кез келген клиент пайдалана алады. HP Web Jetadmin хостын қараңыз.



**ЕСКЕРІМ:** Шолғыштарда Java™ қосылған болу керек. Apple компьютерінен шолуға қолдау көрсетілмейді.

## Қауіпсіздік мүмкіндіктерін пайдалану

Бұл өнім қауіпсіздікті сақтауға, желіңіздегі аса маңызды ақпаратты қорғауға және өнімді бақылап, оған техникалық қызмет көрсету жолдарын жеңілдетуге көмектесетін қауіпсіздік стандарттарын және ұсынылған протоколдарды қолдайды.

HP компаниясының қауіпсіздік бейнені өңдеу және басып шығару шешімдері жөнінде толық ақпарат алу үшін [www.hp.com/go/secureprinting](http://www.hp.com/go/secureprinting) торабына барыңыз. Бұл торапта қауіпсіздік мүмкіндіктері жөніндегі ақ беттерге және ЖҚС құжаттарына сілтемелер береді.


## Енгізілген веб-серверді қауіпсіздендіру

Сіз кейбір жиекбелгілерді қолдану кілтсөзді талап ету үшін енгізілген веб серверін конфигурациялай аласыз.

[Желілік кілтсөзді орнату немесе өзгерту 46-бетте](#) дегенді қараңыз..

## Өнімді кілттеу

Өнімде кабельдік қауіпсіздік кілтін бекітуге пайдалануға болатын слот болады.



# Қамсыздандыру материалдарын басқару

Баспа картриджін қолдану, сақтау және бақылау жоғары сапалы нәтижені қамтамасыз етуге көмек болуы мүмкін.

## Қамсыздандыру материалдардың қызмет уақыты

Өнімнің арнайы өнімділігіне қатысты ақпарат алу үшін [www.hp.com/go/learnaboutesupplies.com](http://www.hp.com/go/learnaboutesupplies.com) торабын қараңыз.

Қамсыздандыру материалдарына тапсырыс беру үшін [Қамсыздандыру материалдары және керек-жарақтар 143-бетте](#) бөлімін қараңыз.

## Баспа картриджін басқару

### Басып шығару картриджін сақтау

Сіз басып шығару картриджін пайдалануға дайын болғанша оны орауышынан шығармаңыз.

△ **ЕСКЕРТУ:** Басып шығару картриджінің зақымдалуын болдырмау үшін, оның жарық жерде қалу ұзақтығы бірнеше минуттан аспауы тиіс.

## Шынайы HP баспа картридждерін қолданыңыз

Жаңа шынайы HP баспа картриджін қолдансаңыз, қамсыздандыру материалдары жөнінде келесі ақпаратты алуыңызға болады:

- Қамсыздандыру материалдарының қалған пайыздық өлшемі
- Қалған беттердің есептік саны
- Басып шығарылған беттер саны

## HP -емес баспа картридждеріне қатысты HP саясаты

Hewlett-Packard Компаниясы жаңа немесе қалпына келтірілген HP -емес баспа картридждерін пайдалануды ұсынбайды.

📄 **ЕСКЕРІМ:** HP -емес баспа картридждерін пайдалану салдарынан келтірілген ешбір зақымдану HP кепілдік және қызмет көрсету жөніндегі келісімдермен қамтылмайды.

HP жаңа баспа картриджін орнату жөніндегі ақпаратты табу үшін, қараңыз [Баспа картриджін ауыстыру 92-бетте](#). Пайдаланылған картридждерді қайта өңдеуге тапсыру үшін, жаңа картриджбен жеткізілетін нұсқаулықты орындаңыз.

## Баспа картриджді аутентификациялау

Баспа картриджі құрылғыға салынған кезде, ол өздігінен аутентификацияланады. Аутентификациялау кезінде құрылғы баспа картридждің шынайы HP баспа картриджі екенін немесе бөтен картридж екенін анықтап хабарлайды.

Егер құрылғының басқару панеліндегі хабар бұл картридж шынайы HP баспа картриджі емес екенін көрсетсе, ал сіз HP баспа картриджін сатып алғаныңызға сенімді болсаңыз, онда [алдау оқиғасы жөнінде хабарлау үшін HP жедел байланыс желісі және Web-сайты 90-бетте](#) қараңыз.

## алдау оқиғасы жөнінде хабарлау үшін HP жедел байланыс желісі және Web-сайты

Егер сіз HP басып шығару картриджін орнатсаңыз, және басқару панелінің хабары картридждің HP еместігін көрсетсе, алдау оқиғасы жөнінде HP жедел байланыс желісі арқылы хабарлаңыз (1-877-219-3183, Солтүстік Америкада тегін) немесе [www.hp.com/go/anticounterfeit](http://www.hp.com/go/anticounterfeit) сайтын пайдаланыңыз. HP компаниясы картридждің шынайы екендігін анықтауға көмектеседі және проблеманы шешу үшін шаралар қолданады.

Егер сіз төмендегілерді байқап қалсаңыз, сіздің басып шығару картриджіңіз шынайы HP басып шығару картриджі болмауы мүмкін:

- Басып шығару картриджін пайдаланғанда проблемалар көп кездеседі.
- Картридждің түрі әдеттегіден өзгеше (мысалы, жұлып алынатын қызғылт сары ілмегі жоқ немесе орауышы HP орауышынан өзгеше).

# Қамсыздандыру материалдары мен қосалқы бөлшектерді ауыстыру

## Қамсыздандыру материалдарды ауыстыру жөніндегі жалпы нұсқаулар

Өнімді орналастыру кезінде келесі жалпы нұсқаулар есіңізде болсын.


- Қамсыздандыру материалдарын алып тастау үшін өнімнің үсті мен алдында жеткілікті бос орын болу қажет.
- Өнімді тегіс және сенімді жерге орналастыру қажет.

 **ЕСКЕРІМ:** Hewlett-Packard осы өнімдегі HP қамсыздандыру материалдарын пайдалануды ұсынады. HP емес қамсыздандыру материалдарын қолдану HP кепілдік немесе қызмет көрсету келісім-шарттарымен қарастырылмайтын мәселелер туғызуы мүмкін.


## Тонерді қайта үлестіру

Тонер азайған кезде басылған бетте өңсіз немесе ашық түсті салалар пайда болады. Тонерді қайта жаймалап шығып, баспа сапасын уақытша жақсартуға болады.

1. Баспа картриджін ашатын батырманы басып, баспа картриджін шығарыңыз.




2. Тонерді қайта жаймалап шығу үшін баспа картриджін ақырындап алға-артқа шайқатыңыз.



△ **ЕСКЕРТУ:** Егер тонер киіміңізге тисе, оны құрғақ шүберекпен сүртіп алып, киімді суық суға шайыңыз. *Ыстық су тонерді матаға жабыстырады.*

3. Баспа картриджін өнімге қайта салып, баспа картриджінің есігін жабыңыз.




Егер баспа ақшыл болса, жаңа баспа картриджін салыңыз.


## Баспа картриджін ауыстыру

Баспа картриджі пайдалану мерзімінің соңына жеткенде, сізге алмастыратын картриджге тапсырыс беруге нұсқау беріледі. Тонерді қайта үлестіру рұқсат етілетін баспа сапасына сәйкес келмейінше, басып шығаруды ағымдағы картриджбен жалғастыруыңызға болады.

1. Баспа картриджін ашу үшін батырманы басыңыз, содан кейін баспа картриджін алыңыз.




2. Жаңа баспа картриджін қапшықтан шығарыңыз. Ескі баспа картриджін ескі-құсқы заттар қапшығына салыңыз.




3. Тонерді жаю үшін, баспа картриджін екі жағынан ұстап, ақырын шайқаңыз.


△ **ЕСКЕРТУ:** Ысырманы немесе шығыршықтың бетін ұстамаңыз.



4. Жапсырма босағанша, картридждің сол жағындағы жапсырманы бұраңыз. Картриджден барлық таспаны алмай тұрып, жапсырманы тартыңыз. Кәдеге жаратуға қайтару үшін жапсырма мен таспаны баспа картриджінің қорабына салыңыз.



5. Баспа картриджін өнімнің ішіндегі іздермен туралап, баспа картриджін орнын толық түсіріп салыңыз, содан кейін баспа картриджінің есігін жабыңыз.



6. Орнату аяқталды. Ескі баспа картриджін жаңа баспа картриджінің қорабына салыңыз. Берілген қайта пайдалану нұсқаулығын қараңыз.

Қосымша анықтама алу үшін [www.hp.com/support/ljp2050series](http://www.hp.com/support/ljp2050series) торабына өтіңіз.

## Жадты орнату

 **ЕСКЕРІМ:** Алғашқы HPLaserJet өнімдерінде қолданылған жалаң ішкі жад модульдері (SIMMs) өніммен сыйыспайды.


## Өнім жадын орнату

Бұл өнімде бір DIMM ұяшығы бар.


△ **ЕСКЕРТУ:** Статикалық электр DIMM модульдерін зақымдауы мүмкін. DIMM модульдерін ұстаған кезде, статикаға қарсы білезік тағып алыңыз, не болмаса жиі DIMM модульдерінің статикаға қарсы орауышын ұстап, содан кейін құрылғыдағы жалаң металды ұстаңыз.

Егер әлі олай жасамаған болсаңыз, қосымша жад қосар алдында қанша жад орнатылғанын білу үшін конфигурация бетін басып шығарыңыз. [ақпарат беттерді басып шығару 78-бетте](#) қараңыз.


1. Конфигурация беті басылып шыққан соң, өнімді өшіріп, электр бауын ажыратыңыз.




2. Барлық интерфейс кабельдерін ажыратыңыз.



3. Өнімнің сол жағындағы DIMM есігін ашыңыз.




4. DIMM модульді антистатика ораушынан шығарып алыңыз.




△ **ЕСКЕРТУ:** Статикалық электр тоғынан туындайтын зиян қатерін төмендету үшін, әрқашанда статикаға қарсы білезік тағыңыз немесе DIMM модульдерімен жұмыс істеу алдында, статикаға қарсы орауышын ұстаңыз.

5. DIMM модульді шеттерінен ұстап, оның ойықтарын ұяшыққа дәлдеңіз. (DIMM ұяшығының екі жағындағы құлыптардың ашық екенін тексеріп алыңыз.)




6. DIMM есігін 45 градусқа ашып, DIMM есігінің жоғарғы байланыстарын слотқа мықтап кіргізіңіз. DIMM есігінің әрбір жағындағы кілттердің орнына түскеніне көз жеткізіңіз.


△ **ЕСКЕРТУ:** DIMM есігін тікелей басу байланыс істікшелерін бүлдіреді.




📝 **ЕСКЕРІМ:** DIMM модулін алып тастау үшін алдымен құлыптарын босатыңыз.



7. Есігін жауып, ол орнына отырғанынша, қатты басыңыз.



8. Интерфейс кабельдері мен электр бауын қайта жалғаңыз.



9. Өнімді қайта қосыңыз.

## DIMM модулінің орнатылуын тексеріңіз

DIMM модулін орнатып болған соң, оның дұрыс орнатылғанын тексеріңіз.

1. Өнімді қосыңыз. Өнім іске қосу процессін орындаған соң, Дайын шамы қосылып тұрғанын тексеріңіз. Егер қателік туралы хабар шықса, DIMM модулі дұрыс орнатылмаған болуы мүмкін. [Басқару панеліндегі хабарларды аудару 111-бетте](#) қараңыз.
2. Конфигурация бетін басып шығарыңыз ([ақпарат беттерді басып шығару 78-бетте](#) қараңыз).
3. Конфигурация бетіндегі жад бөлімін тексеріп, жадты орнату алдында басылып шыққан конфигурация бетімен салыстырыңыз. Егер жадтың көлемі көбеймеген болса, DIMM модулі дұрыс орнатылмаған немесе ақауы бар болуы мүмкін. Орнату процедурасын қайталаңыз. Қажет болса, басқа DIMM модулін орнатыңыз.



**ЕСКЕРІМ:** Егер өнімнің тілін (ерекшелік) орнатқан болсаңыз, конфигурация бетіндегі «Орнатылған Ерекшеліктер мен Опциялар» бөлімін тексеріңіз. Бұл жерде жаңа өнімнің тілдері тізімделуі керек.

## Қорларды сақтау (тұрақты қорлар)

Өнімге көшірген утилиталарыңыздың немесе тапсырмаларыңыздың құрамында кейбір кезде қорлар болады (мысалы: қаріптер, макростар немесе әшекейлер). Тұрақты ретінде іштей белгіленген қорлар өнімнің жадында, сіз өнімді өшіргеніңізге дейін, сақталып тұрады.

Егер қорларды тұрақты ретінде белгілеуге бетті түсіндіру тілін (PDL) қолдансаңыз, келесі нұсқауларды орындаңыз. Техникалық егжей-тегжейлерін алу үшін PCL немесе PS арналған тиісті PDL нұсқауын қараңыз.

- Ресурстардың, өнім өшірілмейінше жадта сақталып тұрғаны аса қажет болмаса, оларды тұрақты ретінде белгілемеңіз.
- Тұрақты қорларды өнімге тапсырманы басып шығару кезінде емес, оның басында жіберіңіз.



**ЕСКЕРІМ:** Тұрақты қорларды өте көп пайдалану немесе оларды басып шығару кезінде көшіру өнімнің өнімділігіне немесе құрмалас беттерді басып шығару қабілетіне әсер етеді.

## Windows жүйесіне жадты қосу

1. **Windows XP and Windows Server 2003 (using the default Start menu view)** (Windows XP және Windows Server 2003 (стандартты Бастау мәзірін пайдалана отырып): **Start** (Бастау) мәзіріндегі **Settings** (Параметрлер) тармағын нұқып, одан кейін **Printers and Faxes** (Принтерлер мен факстар) тармағын таңдаңыз.

—немесе—

**Windows 2000, Windows XP, and Windows Server 2003 (using the Classic Start menu view)** (Windows 2000, Windows XP және Windows Server 2003 (классикалық Бастау мәзірін пайдалана отырып): **Start** (Бастау) мәзіріндегі **Settings** (Параметрлер) тармағын нұқып, одан кейін **Printers** (Принтерлер) тармағын таңдаңыз.

—немесе—

**Windows Vista: Start** (Бастау) мәзіріндегі **Control Panel** (Басқару Панелі) тармағын нұқып, одан кейін **Hardware and Sound** (Аппараттық Құралдар және Дыбыс) санатынан **Printer** (Принтер) тармағын таңдаңыз.

2. Драйвер белгішесіне келтіріп, оң жақ батырманы басыңыз және одан кейін **Properties** (**Таңдаулылар**) мәзірін таңдаңыз.
3. **Device Settings** (**Құрал Параметрлері**) жиекбелгісін таңдаңыз.
4. **Installable Options** (Орнатылатын Опциялар) аумағын ашыңыз.
5. **Printer Memory** (Принтер Жады) тармағының қасынан орнатылған жадтың жалпы көлемін таңдаңыз.
6. **OK** батырмасын басыңыз.

## Өнімді тазалау

Қажет болғанда, принтердің сыртын таза дымқыл шүберекпен сүртіңіз.

- △ **ЕСКЕРТУ:** Принтердің үстін немесе жан-жағын тазалау үшін аммиакқа негізделген тазалағыштар пайдаланбаңыз.


Басып шығару кезінде принтердің ішінде қағаз, тонер және шаң жиылып қалу мүмкін. Уақыт өткен сайын бұл жиналған қалдықтар тонердің дақтары немесе айғыздарының пайда болуы және қағаздардың кептелуі сияқты проблемаларға әкеп соғып, баспа сапасын нашарлатуы мүмкін. Бұл проблемаларды түзету және жою үшін баспа картриджінің айналасы мен принтердің баспа құралдары өтетін жолды тазалауға болады.

## Баспа картриджінің аумағын тазалау

Картридждің айналасын жиі тазалаудың қажеті жоқ. Дегенмен, бұл тұсты тазалау басып шығарылған парақтардың сапасын жақсартуы мүмкін.

- △ **АБАЙ БОЛЫҢЫЗ!** Жарақат алып қалмау үшін өнімді өшіріп, электр қуат кабелін ажыратыңыз, содан кейін оны тазалаудың алдында өнімнің салқындағанын күтіңіз.


1. Баспа картриджінің есігін ашып, баспа картриджін шығарыңыз.




- △ **ЕСКЕРТУ:** Өнімнің ішіндегі қара губкалы шығыршыққа тиіспеңіз. Бұл өнімге зақым келтіруі мүмкін.

**ЕСКЕРТУ:** Баспа картриджіне зиян келмеу үшін оны жарыққа қоймаңыз. Оның үстін қағазбен жауып қойыңыз.


2. Құрғақ, тегіс матамен баспа құралы өтетін жолдың тұсы мен картридж қуысындағы қалдықтардың барлығын сүртіп алыңыз.



3. Баспа картриджін орнына салып, картридж есігін жабыңыз.



4. Электр қуат кабелін қайта жалғап, өнімді қосыңыз.



## Қағаз жолын тазалау

Басып шығару кезінде принтердің ішінде қағаз, тонер және шаң жиналып қалуы мүмкін. Уақыт өте ол жұғындылар дақ пен ластау сияқты баспа сапасы мәселелерін туындатуы мүмкін. Бұл өнімнің сондай мәселелерді түзетіп, болдырмау мүмкіндігін беретін тазалау режимі бар.


1. HP ToolboxFX ашыңыз. [HP ToolboxFX Қараңыз 79-бетте](#) қараңыз.
2. **Device Settings** (Құрылғы параметрлері) қалтасын, одан кейін **Troubleshooting** (Ақауларды табу және жою) бетін басыңыз.
3. **Cleaning Mode** (Тазарту Режимі) аумағында тазалауды бастау үшін **Start** (Бастау) батырмасын шертіңіз.

Өнім бір бетті өңдеп, тазалау процессі аяқталғанда оны **Ready** (Дайын) күйіне қайтарады.


## 1-науаның желімді білігін тазалаңыз

Егер өнімде 1-науадағы қағазды алу кезінде ақаулық байқалса, осы нұсқауларды орындаңыз.

1. Өнімді өшіріп, электр қуат кабелін ажыратыңыз, содан кейін өнімнің салқындауын күтіңіз.




2. Баспа картриджді ашатын батырманы басып, баспа картриджді шығарыңыз.




△ **ЕСКЕРТУ:** Өнімнің ішіндегі қара губкаға-беріліс білігіне тиіспеңіз. Олай істеу салдарынан өнімге зақым келуі мүмкін.

**ЕСКЕРТУ:** Баспа картриджіне зиян келмеу үшін оны жарыққа қоймаңыз. Оның үстін қағазбен жауып қойыңыз.


3. Желімді білік қақпағын ашыңыз.




4. Тартушы ролик орнынан шыққанша, екі қара бекіткішті сыртқа басып тұрыңыз.



5. Желімді білікті өнімнен шығарып алыңыз.




6. Тегіс матаны суға малып, роликті сүртіңіз.




**ЕСКЕРІМ:** Роликтің бетін жалаң саусақпен ұстамаңыз.


7. Тартушы роликтегі еріген кірді кетіру үшін құрғақ, тегіс матамен сүртіңіз.




8. Тартушы роликті әбден құрғатыңыз.




9. Өнімдегі қара ұстауыш құлақшаларды желімді біліктегі ойықтармен теңестіріңіз, содан кейін ұстауыш құлақшалар орнына түскенше желімді білік орнына қарай желімді білікті басыңыз.




10. Желімді білік қақпағын жабыңыз.



11. Баспа картриджін орнына салып, картридж есігін жабыңыз.




12. Электр қуат кабелін қайта жалғап, өнімді қосыңыз.




## 2-науаның желімді білігін тазалау

Егер өнімде 2-науадағы қағазды алу кезінде ақаулық байқалса, мына нұсқауларды орындаңыз.


1. Өнімді өшіріп, электр қуат кабелін ажыратыңыз, содан кейін өнімнің салқындауын күтіңіз.




2. 2-науаны шығарыңыз.



3. Бос науа слотында өнімнің алдындағы жоғары жақтағы желімді біліктің орнын анықтаңыз.




4. Қылшығы жоқ шүберекті сулап, білікті өнімнің артқы жағына бұрап отырып, оны тазалаңыз.




 **ЕСКЕРІМ:** Роликтің бетін жалаң саусақпен ұстамаңыз.


5. Тартушы роликтегі еріген кірді кетіру үшін құрғақ, тегіс матамен сүртіңіз.




6. Тартушы роликті әбден құрғатыңыз.



7. 2-науаны орнына салыңыз.



8. Электр қуат кабелін қайта жалғап, өнімді қосыңыз.



---

## 10 Мәселелерді шешу

- [Жалпы ақаулықтарды түзету](#)
- [Зауыттық параметрлерді қайтару](#)
- [Басқару панеліндегі хабарларды аудару](#)
- [Кептелулер](#)
- [Басып шығару сапасының мәселелерін шешу](#)
- [Өнімділік ақаулықтарын түзету](#)
- [Қосылу ақаулықтарын түзету](#)
- [Жалпы Windows ақаулықтарын түзету](#)
- [Macintosh ақаулықтарын түзету](#)
- [Linux жүйесіндегі мәселелерді шешу](#)

## Жалпы ақаулықтарды түзету

Егер өнімнен дұрыс жауап келмесе, келесі тексеру тізімдегі қадамдарды орындаңыз. Егер өнім сол қадамнан өтпесе, келесі ақаулықтарды түзету ұсыныстарын орындаңыз. Егер орындаған қадам ақаулықты түзетсе, сіз тексеру тізімдегі қалған қадамдарды орындамай тоқтануыңызға болады.

### ақаулықтарды түзетуге арналған тексеру тізімі

1. Өнімнің Дайын шамы жанып тұрғанын тексеріңіз. Егер ешқандай шам жанып тұрмаса, келесі қадамдарды орындаңыз:
  - a. Электр қорек кабелінің қосылған жерлерін тексеріңіз.
  - b. Электр қосқышы қосылып тұрғанын тексеріңіз.
  - c. Желілік кернеу өнімнің қуат конфигурациясына дұрыс екенін тексеріңіз. (Кернеу талаптары жөнінде өнімнің артқы жағындағы белгіден қараңыз.) Егер сіз қуат қалыбын қолданып, оның кернеу талаптары ерекшеліктерге сай болмаса, өнімді тікелей қорек розеткасына қосыңыз. Егер ол қорек розеткасына қосылып тұрған болса, басқа розеткаға қосып көріңіз.
  - d. Егер осы әрекеттердің бірде біреуі көмектеспесе, HP Пайдаланушыға қолдау көрсету қызметімен байланысыңыз.
2. Кабельді тексеріңіз.
  - a. Өнім мен компьютердің немесе желілік порттың арасындағы кабельдің қосылған жерлерін тексеріңіз. Қосылған жерлері мықты екенін тексеріңіз.
  - b. Мүмкін болса, кабельдің өзі сау екенін басқа кабельді қолдану арқылы тексеріңіз.
  - c. Желілік байланысты тексеріңіз. [Желілік ақаулықтарды түзету 135-бетте](#) қараңыз.
3. Басқару панелінің дисплейінде басқа хабарлардың бар-жоғын қараңыз. Егер қате туралы хабар шықса, [Басқару панеліндегі хабарларды аудару 111-бетте](#) қараңыз.
4. Сіз қолданып отырған қағазыңыз ерекшеліктерге сай келетінін тексеріңіз.
5. Конфигурация бетін басып шығарыңыз. [ақпарат беттерді басып шығару 78-бетте](#) қараңыз. Егер өнім желіге қосылған болса, HP Jetdirect беті де басылып шығады.
  - a. Егер бет басылып шықпаса, кемінде бір науада қағаздың бар екенін тексеріңіз.
  - b. Егер қағаз кептеліп қалса, [Кептелуді тазалау 117-бетте](#) қараңыз.
6. Егер конфигурация беті басылып шықса, келесіні тексеріңіз.
  - a. Егер бет дұрыс басылып шықпаса, онда ақаулық өнімнің аппараттық құрылғысында болуы керек. HP Пайдаланушыға қолдау көрсету қызметімен байланысыңыз.
  - b. Егер бет дұрыс басылып шықса, онда өнімнің ақпараттық құрылғысы жұмыс істеп тұрғаны. Проблема пайдаланып отырған компьютеріңізде, принтер драйверінде немесе бағдарламалық жасақта.
7. Келесінің бірін таңдаңыз:

**Windows: Start** (Бастау) мәзіріндегі **Settings** (Параметрлер) тармағын нұқып, одан кейін **Printers** (Принтерлер) немесе **Printers and Faxes** (Принтерлер мен Факстар) тармағын таңдаңыз. Өнімнің атын қос нұқыңыз.

—немесе—

**Mac OS X: Print Center** (Басып Шығару Орталығы) немесе **Printer Setup Utility** (Принтерді орнату утилитасы) тармағын ашып, өнімнің жолын қос нұқыңыз.

8. Өнімге арналған принтер драйверін орнатылғанын анықтаңыз. Бағдарламалық жасақты қарап, өнімге арналған принтер драйверін орнатылғанына көз жеткізіңіз.
9. Жұмыс істеп тұрған бөтен бағдарламалық жасақтамадан қысқа құжатты басып шығарыңыз. Егер басылып шықса, онда ақаулық сіз пайдаланып отырған бағдарламалық жасақтамада болуы мүмкін. Егер басылып шықпаса, келесі қадамдарды орындаңыз:
  - a. Тапсырманы өнімнің бағдарламалық жасақтамасы орнатылған басқа бір компьютерден басып шығарып көріңіз.
  - b. Егер сіз өнімді желіге қосқан болсаңыз, онда ол өнімді компьютерге тікелей USB кабелімен қосыңыз. Өнімді тиісті портқа бағыттаңыз немесе сіз қолданып отырған жаңа қосылудың түрін таңдап, бағдарламалық жасақтаманы қайта орнатыңыз.

## Өнімнің тиімділігіне әсер ететін жағдайлар

Тапсырманы басып шығару уақытына әсер ететін бірнеше жайт бар:

- Өнімнің бір минутта шығаратын бет санымен (бет/мин) өлшенетін ең жоғарғы жылдамдығы
- Арнайы қағаз пайдалану үшін (мысалы: диапозитив, қалың қағаз және өзгекртілмелі өлшемді қағаз)
- Өнімнің өңдеу және жүктеу уақыты
- Графика құрамының күрделілігі мен көлемі
- Пайдаланып отырған компьютеріңіздің жылдамдығы
- USB байланысы
- Принтердің I/O конфигурациясы
- Өнімде орнатылған жад көлемі
- Желілік операциялық жүйесі мен конфигурациясы (егер қатысы бар болса)



**ЕСКЕРІМ:** Қосымша жад өнімнің құрмалас графиканы өңдеу мүмкіндігін жетілдіріп, жүктеу уақытын азайтатын болса да, ол өнімнің ең жоғарғы жылдамдығын (бет/мин) арттыра алмайды.

## Зауыттық параметрлерді қайтару

**Стандартты мәндерді қалпына келтіру** мәзірі арқылы зауыттық параметрлерді қайтарыңыз.

1. **OK** басыңыз.
2. ▼ төмен көрсеткішін **Қызмет** параметрін таңдау үшін басып, одан кейін **OK** батырмасын басыңыз.
3. ▼ төмен көрсеткішін **Стандартты мәндерді қалпына келтіру** параметрін таңдау үшін басып, одан кейін **OK** батырмасын басыңыз.

## Басқару панеліндегі хабарларды аудару

Басқару панелінің хабарлары өнімнің ағымдағы мәртебесін немесе араласуды қажет ететін жағдайларды көрсетіп тұрады.

Басқару панелінің хабарлары уақытша көрсетіліп, басып шығаруды қалпына келтіру үшін **OK** батырмасын немесе тапсырманы тоқтату үшін **X** белгішесін басу арқылы хабарды растауды талап етуі мүмкін. Белгілі бір хабарлар шыққанда тапсырма бітпей қалуы мүмкін немесе басып шығару сапасы төмендеуі мүмкін. Егер сигналдық хабары басып шығаруға қатысты болса және автоматты жалғастыру функциясы қосылған жағдайда хабар 10 секундқа шыққаннан кейін өнім басып шығару тапсырмасын растаусыз жалғастыруға әрекет жасайды.

Кейбір хабарларда өнімді өшіріп, қайта қосу қауыпты түзетуі мүмкін. Егер төтенше қателер жойылмаса, өнімге жөндеу қажет етілуі мүмкін.

### Басқару панеліндегі хабарлар

| Басқару панелінің сигналдық хабарлары                                                  | Сипаттамасы                                                                                                 | Ұсынылатын амал                                                                                                                                                                                                                                                           |
|----------------------------------------------------------------------------------------|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| # науаға <ТҮРІ> <ӨЛШЕМІ> салу<br>Қол жетімді қағаз алу үшін [OK]<br>батырмасын басыңыз | Науа баспа тапсырмасы қажет ететін баспа құралының түрі мен өлшеміне конфигурацияланған, бірақ ол науа бос. | Лайықты баспа құралын науаға салыңыз немесе басқа науадағы баспа құралын пайдалану үшін <b>OK</b> батырмасын басыңыз.                                                                                                                                                     |
| <ТҮРІ> <ӨЛШЕМІ> қолмен беру<br>Қол жетімді қағаз алу үшін [OK]<br>батырмасын басыңыз   | Өнім қолмен беру режиміне ауыстырылған.                                                                     | Хабарды өшіру үшін <b>OK</b> батырмасын басыңыз немесе лайықты баспа құралын 1-науаға салыңыз.                                                                                                                                                                            |
| 10.X Жабдық жадының қатесі                                                             | Баспа картриджінің электрондық жапсырмасы оқылмады немесе жоқ.                                              | Баспа картриджін қайта орнатыңыз.<br><br>Өнімді өшіріп, қайта қосыңыз.<br><br>Мәселе шешілмесе, картриджді ауыстырыңыз.<br><br>Бұл қателіктен өту және басып шығаруды жалғастыру үшін <b>OK</b> батырмасын басыңыз. Жабдықтар мен мәртебе мүмкіндіктері қол жетімді емес. |
| 13.XX <орын> ішіндегі кептелу                                                          | Өнім кептелуді анықтады.                                                                                    | Көрсетілген жердегі кептелуді тазалаңыз. Тапсырма жалғастырылуы тиіс. Болмаған жағдайда, тапсырманы қайта басып көріңіз.<br><br>Хабар шығарылуы тоқтамаса, HP қолдау қызметімен хабарласыңыз.<br><a href="#">Тұтынушыларды қолдау 155-бетте</a> дегенді қараңыз.          |
| 1-науаға <ТҮРІ> <ӨЛШЕМІ> салу<br>Қол жетімді қағаз алу үшін [OK]<br>батырмасын басыңыз | Баспа тапсырмасы қажет ететін баспа құралының түрі мен өлшеміне ешбір науа конфигурацияланбаған.            | Лайықты баспа құралын 1-науаға салыңыз немесе басқа науадағы баспа құралын пайдалану үшін <b>OK</b> батырмасын басыңыз.                                                                                                                                                   |
| 1-науаға тегіс <ӨЛШЕМІ> салу<br>Тазарту режимі бастау үшін [OK]<br>басыңыз.            | Өнім тазалау операциясын орындауға әзір.                                                                    | 1-науа ішіне көрсетілген өлшемді таза парақты салып, <b>OK</b> батырмасын басыңыз.                                                                                                                                                                                        |

| Басқару панелінің сигналдық хабарлары                                                                                | Сипаттамасы                                                                         | Ұсынылатын амал                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                    |
|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-------------------------------------------------------------------------------------|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| <b>21.X Баспа ақаулығы</b><br><b>[OK] батырмасын басыңыз</b><br><b>Егер қателік қайталанса, өшіріп қайта қосыңыз</b> | Өнім бетті өңдей алмайды.                                                           | <p>Басып шығару тапсырмасын жалғастыру үшін <b>OK</b> батырмасын басыңыз, бірақ шығаруға әсер етуі мүмкін.</p> <p>Егер қате жойылмаса, қоректі өшіріп, қайта қосыңыз. Баспа тапсырмасын қайта жіберіңіз.</p>                                                                                                                                                                                                                                                       |
| <b>41.2 Механизм қатесі</b><br><b>[OK] батырмасын басыңыз</b>                                                        | Механизмінде ішкі қателік бар.                                                      | <p>Өнімді өшіріп, кем дегенде 30 секунд күтіп, одан кейін қайта қосыңыз да, іске қосылуын күтіңіз.</p> <p>Егер сіз тоқ ауытқуларынан қорғағышты пайдалансаңыз, өшіріңіз. Өнімді тікелей қабырғадағы розеткаға қосыңыз. Өнімді қайта қосыңыз.</p> <p>Хабар шығарылуы тоқтамаса, HP қолдау қызметімен хабарласыңыз.<br/> <a href="#">Тұтынушыларды қолдау 155-бетте</a> дегенді қараңыз.</p>                                                                         |
| <b>41.3 x науасындағы күтпеген өлшем</b><br><b>&lt;ӨЛШЕМ&gt; салу</b><br><b>[OK] батырмасын басыңыз</b>              | Өнім науа ішінен сол науа конфигурациясына сәйкес келмейтін баспа құралын анықтады. | <p>Науаға дұрыс баспа құралын салыңыз немесе науаны жүктеген өлшемге конфигурациялаңыз. <a href="#">Науаларды толтыру 58-бетте</a> дегенді қараңыз.</p>                                                                                                                                                                                                                                                                                                            |
| <b>49 Қателігі</b><br><b>Өшіріп, қайта қосыңыз</b>                                                                   | Өнім ішкі қателікке кездесті.                                                       | <p>Өнімді өшіріп, кем дегенде 30 секунд күтіп, одан кейін қайта қосыңыз да, іске қосылуын күтіңіз.</p> <p>Егер сіз тоқ ауытқуларынан қорғағышты пайдалансаңыз, өшіріңіз. Өнімді тікелей қабырғадағы розеткаға қосыңыз. Өнімді қайта қосыңыз.</p> <p>Хабар шығарылуы тоқтамаса, HP қолдау қызметімен хабарласыңыз.<br/> <a href="#">Тұтынушыларды қолдау 155-бетте</a> дегенді қараңыз.</p>                                                                         |
| <b>50.X Термобекіткіш қателігі</b><br><b>Өшіріп, қайта қосыңыз</b>                                                   | Өнім темобекіткіш қателігіне кездесті.                                              | <p>Өнімді өшіріп, кем дегенде 30 секунд күтіп, одан кейін қайта қосыңыз да, іске қосылуын күтіңіз.</p> <p>Өнімді өшіріп, кем дегенде 25 минут күтіп, өнімді қайта қосыңыз.</p> <p>Егер сіз тоқ ауытқуларынан қорғағышты пайдалансаңыз, өшіріңіз. Өнімді тікелей қабырғадағы розеткаға қосыңыз. Өнімді қайта қосыңыз.</p> <p>Хабар шығарылуы тоқтамаса, HP қолдау қызметімен хабарласыңыз.<br/> <a href="#">Тұтынушыларды қолдау 155-бетте</a> дегенді қараңыз.</p> |

| Басқару панелінің сигналдық хабарлары                        | Сипаттамасы                                                                   | Ұсынылатын амал                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                            |
|--------------------------------------------------------------|-------------------------------------------------------------------------------|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| <b>51.XX Қателігі</b><br><b>Өшіріп, қайта қосыңыз</b>        | <p>Өнімде ішкі енгізілген бағдарламалық құралға қатысты қате пайда болды.</p> | <p>Өнімді өшіріп, кем дегенде 30 секунд күтіп, одан кейін қайта қосыңыз да, іске қосылуын күтіңіз.</p> <p>Егер сіз тоқ ауытқуларынан қорғағышты пайдалансаңыз, өшіріңіз. Өнімді тікелей қабырғадағы розеткаға қосыңыз. Өнімді қайта қосыңыз.</p> <p>Хабар шығарылуы тоқтамаса, НР қолдау қызметімен хабарласыңыз.<br/> <a href="#">Тұтынушыларды қолдау 155-бетте</a> дегенді қараңыз.</p> |
| <b>55.X Қателігі</b><br><b>Өшіріп, қайта қосыңыз</b>         | <p>Өнім ішкі байланыс қателігіне кездесті.</p>                                | <p>Өнімді өшіріп, кем дегенде 30 секунд күтіп, одан кейін қайта қосыңыз да, іске қосылуын күтіңіз.</p> <p>Егер сіз тоқ ауытқуларынан қорғағышты пайдалансаңыз, өшіріңіз. Өнімді тікелей қабырғадағы розеткаға қосыңыз. Өнімді қайта қосыңыз.</p> <p>Хабар шығарылуы тоқтамаса, НР қолдау қызметімен хабарласыңыз.<br/> <a href="#">Тұтынушыларды қолдау 155-бетте</a> дегенді қараңыз.</p> |
| <b>57 Желдеткіш қателігі</b><br><b>Өшіріп, қайта қосыңыз</b> | <p>Өнімде ішкі желдеткішіне қатысты мәселе пайда болды.</p>                   | <p>Өнімді өшіріп, кем дегенде 30 секунд күтіп, одан кейін қайта қосыңыз да, іске қосылуын күтіңіз.</p> <p>Егер сіз тоқ ауытқуларынан қорғағышты пайдалансаңыз, өшіріңіз. Өнімді тікелей қабырғадағы розеткаға қосыңыз. Өнімді қайта қосыңыз.</p> <p>Хабар шығарылуы тоқтамаса, НР қолдау қызметімен хабарласыңыз.<br/> <a href="#">Тұтынушыларды қолдау 155-бетте</a> дегенді қараңыз.</p> |
| <b>79 Қателігі</b><br><b>Өшіріп, қайта қосыңыз</b>           | <p>Өнімде ішкі енгізілген бағдарламалық құралға қатысты қате пайда болды.</p> | <p>Өнімді өшіріп, кем дегенде 30 секунд күтіп, одан кейін қайта қосыңыз да, іске қосылуын күтіңіз.</p> <p>Егер сіз тоқ ауытқуларынан қорғағышты пайдалансаңыз, өшіріңіз. Өнімді тікелей қабырғадағы розеткаға қосыңыз. Өнімді қайта қосыңыз.</p> <p>Хабар шығарылуы тоқтамаса, НР қолдау қызметімен хабарласыңыз.<br/> <a href="#">Тұтынушыларды қолдау 155-бетте</a> дегенді қараңыз.</p> |

| Басқару панелінің сигналдық хабарлары          | Сипаттамасы                                             | Ұсынылатын амал                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                               |
|------------------------------------------------|---------------------------------------------------------|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| 79 Қызметтік қателігі<br>Өшіріп, қайта қосыңыз | Үйлеспейтін DIMM орнатылған.                            | <p>1. Өнімді қайта қосыңыз.</p> <p>2. Өнім қолдайтын DIMM орнатыңыз. Қолдаулы DIMM модульдері тізімін <a href="#">Қамсыздандыру материалдары және керек-жарақтар 143-бетте</a> ішінен қараңыз. DIMM модулін орнату нұсқауларын <a href="#">Жадты орнату 94-бетте</a> ішінен қараңыз.</p> <p>3. Өнімді қайта қосыңыз.</p> <p>Хабар шығарылуы тоқтамаса, HP қолдау қызметімен хабарласыңыз. <a href="#">Тұтынушыларды қолдау 155-бетте</a> дегенді қараңыз.</p> |
| HP емес жабдығы орнатылды                      | HP емес жабдықтары орнатылады.                          | <p>Егер сіз сатып алғаныңыз HP жабдықтары болып табылатындығына сенімді болсаңыз <a href="http://www.hp.com/go/anticounterfeit">www.hp.com/go/anticounterfeit</a> сайтына өтіңіз.</p> <p>HP емес жабдықтарын орнату салдарынан туындаған қызметті немесе жөндеуді қажет ету HP кепілдігімен қамтылмайды.</p>                                                                                                                                                  |
| Артқы есік ашық                                | Өнімнің артқы есігі ашық.                               | Есікті жабыңыз.                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                               |
| Есік ашық                                      | Өнімнің есігі ашық.                                     | Есікті жабыңыз.                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                               |
| Жад аз<br>[OK] батырмасын басыңыз              | Өнім жады толуға жақын.                                 | <p>Тапсырманы аяқтау үшін <b>OK</b> батырмасын басыңыз немесе тапсырмадан бас тарту үшін Cancel (Бас тарту) батырмасын <b>X</b> басыңыз.</p> <p>Өнім жадын кеңейту жөніндегі ақпаратты <a href="#">Жадты орнату 94-бетте</a> бөлімінен қараңыз.</p>                                                                                                                                                                                                           |
| Қағаз салу                                     | Өнімде қағаз таусылған.                                 | Науаға қағаз салыңыз.                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                         |
| Қара картриджге тапсырыс беру<br>Дайын         | Баспа картриджі пайдалану мерзімінің соңына жақындады.  | <p>Жаңа баспа картриджіне тапсырыс беріңіз. Сіз тонерді қайта үлестіру рұқсат етілген баспа сапасына келісім бергенше, басып шығаруды ағымдағы баспа картриджімен жалғастыра аласыз.</p> <p>Толық ақпарат алу үшін <a href="#">Қамсыздандыру материалдары және керек-жарақтар 143-бетте</a> бөлімін қараңыз.</p>                                                                                                                                              |
| Қара картриджден тасымалдау кілтін алу         | Баспа картриджінің тасымал ілмегі орнатылған.           | Баспа картриджінің тасымал ілмегі алынғандығына көз жеткізіңіз.                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                               |
| Қара сиялы картриджді орнатыңыз                | Картридж өнімге не орнатылмаған, не дұрыс орнатылмаған. | Баспа картриджін орнатыңыз. <a href="#">Баспа картриджін ауыстыру 92-бетте</a> дегенді қараңыз.                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                               |
| Қате басу<br>[OK] батырмасын басыңыз           | Баспа құралы өнім арқылы өту кезінде кідірді.           | Тазарту үшін <b>OK</b> басыңыз.                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                               |

| Басқару панелінің сигналдық хабарлары                                                    | Сипаттамасы                                                                                                                    | Ұсынылатын амал                                                                                                                                         |
|------------------------------------------------------------------------------------------|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| <b>Қолмен дуплекстеу</b><br><b>х науасына салу</b><br>[OK] батырмасын басыңыз            | Дуплексті тапсырманың бір жағы басылып шығарылды және бет екінші жағын өңдеуге жүктелуі тиіс.                                  | Бетті көрсетілген науаға басып шығарыталып бетін жоғары қаратып, беттің жоғарғы жағын өзіңізден алыс салыңыз, содан кейін <b>OK</b> батырмасын басыңыз. |
| <b>Құрылғы қателігі</b><br>[OK] батырмасын басыңыз                                       | Ішкі қателік орын алды.                                                                                                        | Тапсырманы жалғастыру үшін <b>OK</b> батырмасын басыңыз.                                                                                                |
| <b>Пайдаланылған картридж орнатылған</b><br><b>Қабылдау үшін [OK] батырмасын басыңыз</b> | Қайта толтырылған баспа картридж орнатылды.                                                                                    | Жалғастыру үшін <b>OK</b> басыңыз.                                                                                                                      |
| <b>Пайдаланылған картридж пайдаланылуда</b>                                              | Қайта толтырылған картридж анықталып, қабылданды.                                                                              | Араласу қажет емес.                                                                                                                                     |
| <b>Шығару қалтасы толған</b><br><b>Қалтадан қағаздың барлығын алып тастау</b>            | Шығару қалтасы толған.                                                                                                         | Қалтадан барлық қағазды шығарыңыз.                                                                                                                      |
| <b>Шынайы HP жабдығы орнатылды</b>                                                       | Шынайы HP жабдығы орнатылған. Хабар жабдықтар орнатылғаннан кейін қысқа мерзімге шығарылып, орнына <b>Дайын</b> хабары шығады. | Ешқандай әрекет қажет емес.                                                                                                                             |

# Кептелулер

## Кептелудің әдеттегі себептері

Кептелудің көптеген себептері HP ерекшеліктеріне сай келмейтін қағазды пайдаланудан шығады. Барлық HP LaserJet өнімдеріне арналған толық қағаз ерекшеліктерін алу үшін *HP LaserJet Printer Family Print Media Guide* (PP LaserJet Принтер тобының басып шығару құралының Нұсқаулығы) бөлімін қараңыз. Бұл нұсқаулық [www.hp.com/support/ljpaperguide](http://www.hp.com/support/ljpaperguide) торабында бар.

### Өнімде кептелген қағаз бар.<sup>1</sup>

| Себеп                                                                                          | Шешім                                                                                                                                                                                                                                                              |
|------------------------------------------------------------------------------------------------|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| Қағаз ерекшеліктерге сай келмейді.                                                             | Тек HP ерекшеліктеріне сай келетін қағазды пайдаланыңыз. <a href="#">Қағаз және баспа медиасы 49-бетте</a> қараңыз.                                                                                                                                                |
| Құрам бөлік дұрыс орнатылмаған.                                                                | Баспа картриджінің дұрыс орнатылғанын тексеріңіз.                                                                                                                                                                                                                  |
| Өнімнен немесе көшірілген қағазды пайдаланып отырсыз.                                          | Басылып шыққан немесе көшірілген қағазды қайта қолданбаңыз.                                                                                                                                                                                                        |
| Науа дұрыс жүктелмеген.                                                                        | Науадан артық қағазды алып тастаңыз. Салынған қағаздардың биіктігі науаның ең жоғарғы белгісінен аспайтынын тексеріңіз. <a href="#">Науаларды толтыру 58-бетте</a> қараңыз.                                                                                        |
| Қағаз қисайып кеткен.                                                                          | Науаның бағыттауыштары дұрыс дәлденбеген. Оларды қағазды орнында тығыз, бірақ майыстырмай ұстайтындай дәлдеңіз.                                                                                                                                                    |
| Қағаз бір біріне жабысып немесе бумаланып қалған.                                              | Қағазды шығарып, түзетіп, 180° бұрыңыз немесе аударыңыз. Қағазды науаға қайта жүткеніз.<br><b>ЕСКЕРІМ:</b> Қағаздың бетін желдеткішпен үрлеменіз. Желдеткіш қағаздардың бетінде статикалық электр энергиясын туғызып, олардың бір біріне жабысуына себеп болады.   |
| Қағаз шығыс қалтасына түспей тұрып, алынған.                                                   | Өнімнің параметрлерін қайтарыңыз. Қағаз шығыс қалтасына толық түспейінше алмаңыз.                                                                                                                                                                                  |
| Сіз екі-жақты басып шығару кезінде парақтың екінші беті басылып үлгірмей, оны алып тастадыңыз. | Өнімнің параметрлерін қайтарып, құжатты қайта басып шығарыңыз. Қағаз шығыс қалтасына толық түспейінше алмаңыз.                                                                                                                                                     |
| Қағаздың күйі нашар.                                                                           | Қағазды ауыстырыңыз.                                                                                                                                                                                                                                               |
| Науадағы ішкі шығыршықтары қағазды тартпай жатыр.                                              | Қағаздардың бетіндегі парақты алып тастаңыз. Егер қағаз тым қалың болса, ол науадан тартылмауы мүмкін.                                                                                                                                                             |
| Қағаздың жиектері дөрекі немесе кетілген.                                                      | Қағазды ауыстырыңыз.                                                                                                                                                                                                                                               |
| Қағаз тесілген немесе мыжылған.                                                                | Тесілген немесе мыжылған қағаздардың бір бірінен бөлінуі қиын. Парақтарды 1-Науадан біреуден беріңіз.                                                                                                                                                              |
| Өнімнің қамсыздандыру материалдарының қызмет мерзімі аяқталды.                                 | Өнімнің басқару панелінен қамсыздандыру материалдарын ауыстыру қажеттілігі жөніндегі хабарын қараңыз немесе қамсыздандыру материалдарының қалған қызмет мерзімін көрсететін бетті басып шығарыңыз. <a href="#">ақпарат беттерді басып шығару 78-бетте</a> қараңыз. |


#### Өнімде кептелген қағаз бар.<sup>1</sup>

| Себеп                    | Шешім                                                                                                  |
|--------------------------|--------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| Қағаз дұрыс сақталмаған. | Науалардағы қағаздарды ауыстырыңыз. Қағаз жағдайы бақыланатын ортада, шынайы қапшығында сақталу керек. |

<sup>1</sup> Егер өнімдегі қағаз кептеле беретін болса, HP Пайдалаушыға қолдау көрсету немесе өзіңіздің өкілетті HP қызмет провайдеріңізбен байланысыңыз.

## Кептелу орындары

Өнімнің мына жерлерінде кептелу болуы мүмкін.



|   |                  |
|---|------------------|
| 1 | Ішкі аумақтар    |
| 2 | Кіріс науалары   |
| 3 | Шығару қалталары |

## Кептелуді тазалау


Кептелуді тазалағанда, кептелген қағазды жыртып алудан сақ болыңыз. Егер қағаздың кішкентай бөлігі өнімде қалып кетсе, ол тағы кептелуге себепші болуы мүмкін.

△ **ЕСКЕРТУ:** Кептелуді тазалаудың алдында өнімді өшіріп, электр қуат кабелін ажыратыңыз.

## Ішкі аумақтар


### Баспа картриджінің аумағы және қағаз жолы

1. Баспа картриджінің есігін ашатын батырманы басып, баспа картриджін шығарыңыз.




△ **ЕСКЕРТУ:** Зақымдауға жол бермеу үшін баспа картриджін жарыққа шығармаңыз. Оны қағазбен жабыңыз.


2. Егер кептелген қағаз көрінсе, оны екі қолыңызбен ұстап, оны өнімнен ақырын шығарыңыз.




3. Баспа картриджін орнына салып, баспа картриджінің қақпағын жабыңыз.




4. Егер баспа картриджінің есігінде ешқандай қағаз кептелмесе, өнімнің артқы жағындағы кептелуді босататын есікті ашыңыз.



5. Егер кептелген қағаз көрінсе, оны екі қолыңызбен ұстап, оны өнімнен ақырын шығарыңыз.




6. Кептелуді босататын есікті жабыңыз.




### Дуплексті қағаз жолы (тек дуплексті үлгілерде)


1. Өнімнің алдыңғы жағындағы 2-науаны шығарып алыңыз.




2. Өнімнің алдыңғы жағындағы дуплексті қағаз жолының есігін босататын жасыл тұтқаны төмен қарай басыңыз.




3. Өнімнің алдыңғы жағындағы кептелген қағазды тексеріңіз. Екі қолыңызбен кептелген қағазды ұстап, оны өнімнен ақырын шығарыңыз.




4. Дуплексті қағаз жолының есігін жабу үшін басыңыз.




5. 2-науаны орнына салу




6. Өнімнің артқы жағындағы дуплексті кептелуді босататын есікті ашыңыз.



7. Өнімнің артқы жағындағы кептелген қағазды тексеріңіз. Екі қолыңызбен кептелген қағазды ұстап, оны өнімнен ақырын шығарыңыз.




8. Кептелуді босататын есікті жабыңыз.



## Кіріс науалары


### 1-науа

1. Баспа картриджінің есігін ашатын батырманы басып, баспа картриджін шығарыңыз.




△ **ЕСКЕРТУ:** Зақымдануға жол бермеу үшін баспа картриджін жарыққа шығармаңыз. Оны қағазбен жабыңыз.

2. 1-науадағы білік жабынын ашып, кептелген қағазды ұстап, оны өнімнен ақырын шығарыңыз.




3. Баспа картриджін орнына салып, баспа картриджінің есігін жабыңыз.




## 2-науа


1. Науаны ашыңыз.




2. Екі қолыңызбен кептелген қағазды ұстап, оны өнімнен ақырын шығарыңыз.




3. Науаны жабыңыз.



4. Егер науа аумағынан ешқандай қағаз көрінбесе, баспа картриджінің есігін ашып, баспа картриджін шығарыңыз, содан кейін жоғарғы баспа құралы бағыттауышын төмен қарай тартып шығарып алыңыз. Екі қолыңызбен кептелген қағазды ұстап, оны өнімнен ақырын шығарыңыз.




5. Баспа картриджін орнына салып, баспа картриджінің есігін жабыңыз.




### 3-науа


1. 2-науа мен 3-науаны шығарыңыз.




2. Екі қолыңызбен кептелген қағазды ұстап, оны өнімнен ақырын шығарыңыз.




3. Науаларды орнына салыңыз.



4. Егер науа аумағынан ешқандай кептелген қағаз көрінбесе, баспа картриджінің есігін ашып, жоғарғы баспа құралының бағыттауыштарын басыңыз. Екі қолыңызбен кептелген қағазды ұстап, оны өнімнен ақырын шығарыңыз.




5. Баспа картриджін орнына салып, баспа картриджінің есігін жабыңыз.




## Шығару қалталары

△ **ЕСКЕРТУ:** Өнімді зақымдауға жол бермеу үшін қағазды тіке тартып шығару арқылы жоғарғы шығару қалтасындағы кептелуді тазалауға талпынбаңыз.


1. Өнімнің артқы жағында кептелуді босататын есікті ашыңыз.



2. Екі қолыңызбен кептелген қағазды алып, оны өнімнен ақырын тартып шығарыңыз.



3. Кептелуді босататын есікті жабыңыз.



## Басып шығару сапасының мәселелерін шешу

Баспа сапасына байланысты ақаулықтардың көбісін келесі нұсқауларды орындау арқылы алдын алуыңызға болады.

- Науаларды дұрыс парақ түріне баптаңыз. [Науаларды конфигурациялау 61-бетте](#) қараңыз.
- HP ерекшеліктеріне сай қағазды пайдаланыңыз. [Қағаз және баспа медиасы 49-бетте](#) қараңыз.
- Өнімді қажеті бойынша тазалап тұрыңыз. [Қағаз жолын тазалау 101-бетте](#) қараңыз.

## Қағазға байланысты баспа сапасының ақаулықтары

Баспа сапасының ақаулықтарының кейбіреулері HP ерекшеліктеріне сай келмейтін қағазды пайдаланудан туындайды.

- Қағаздың беті тым тегіс.
- Қағаздың ылғалдығы біркелкі емес, тым жоғары немесе тым төмен. Басқа жердегі немесе ашылмаған бумадағы қағазды қолданыңыз.
- Қағаз бетінің кейбір жерлеріне тонер бекітілмейді. Басқа жердегі немесе ашылмаған бумадағы қағазды қолданыңыз.
- Фирмалық бланкіңіз қалың қағазға басылған. Жұқалау, ксерографикалық қағазды қолданыңыз. Егер осыдан кейін ақаулық түзетілсе, фирмалық бланкпен қамтамасыз етушімен хабарласып, HP ерекшеліктеріне сай келетін қағазды пайдалануын сұраңыз.
- Қағаз тым қалын. Жұқалау, ксерографикалық қағазды қолданыңыз.
- Сіз таңдаған қағаздың түрі өте қалын. Сол себептен, тонер оған бекітілмейді.

Барлық HP LaserJet өнімдеріне арналған толық қағаз ерекшеліктерін алу үшін *HP LaserJet Printer Family Print Media Guide* (PP LaserJet Принтер тобының басып шығару құралының Нұсқаулығы) бөлімін қараңыз. Бұл нұсқаулық [www.hp.com/support/ljpaperguide](http://www.hp.com/support/ljpaperguide) торабында бар.

## Ортаға байланысты баспа сапасы ақаулықтары

Егер өнім тым ылғал немесе тым құрғақ ортада жұмыс істеп тұрса, сол орта ерекшеліктеріне сай келетінін тексеріңіз. [Жұмыс ортасы 162-бетте](#) қараңыз.

## Кептелуге байланысты баспа сапасының ақаулықтары

Қағаз жолынан барлық парақтардың алынғанын тексеріңіз.


- Егер өнімде қағаз кептелген болса, екі-үш бетті басып шығару арқылы қағаз жолын тазартыңыз.
- Егер парақтар термобекіткіштен өтпей, кейінгі құжаттардың бетінде сурет ақауларын туғызса, екі-үш бетті басып шығару арқылы қағаз жолын тазалаңыз. Егер ақаулық түзетілмесе, тазарту бетін басып шығарып, өңдеңіз. [Қағаз жолын тазалау 101-бетте](#) қараңыз.

## Сурет ақаулықтарының мысалдары

Бұл бөлімде баспа ақауларын анықтау және түзету туралы ақпарат беріледі.


 **ЕСКЕРІМ:** Егер бұл қадамдар проблеманы жоймаса, HP компаниясының өкілетті дилерімен немесе техникалық қызмет өкілімен хабарласыңыз.

## Басылған бейне ашық немесе өңсіз шығады




- Баспа картриджінің қызмет мерзімі бітуге жақын.
- Пайдалану мерзімін ұзарту үшін тонерді қайта үлестіріңіз.
- Баспа құралдары Hewlett-Packard компаниясы баспа құралдары үшін белгілеген техникалық шарттарға сай болмауы мүмкін (мәселен, баспа құралдары тым ылғалды немесе тым қалың).
- Егер бүкіл бет ашық түсті болып шықса, баспа тығыздығы тым ашық болып белгіленген немесе EcoMode режимі қосылып қалған болуы мүмкін. Баспа тығыздығын реттеп алып, принтер Қасиеттері бетіндегі EcoMode режимін өшіріңіз.

## Тонер нүктелері




- Баспа құралдары Hewlett-Packard компаниясы баспа құралдары үшін белгілеген техникалық шарттарға сай болмауы мүмкін (мәселен, баспа құралдары тым ылғалды немесе тым қалың).
- Принтерді тазалау қажет болуы мүмкін.
- Баспа картриджінде ақау болуы мүмкін.

## Беттің кейбір жерлеріне бейне басылмаған




- Баспа құралының бір парағы ақаулы болуы мүмкін. Тапсырманы қайтадан басып шығарып көріңіз.
- Баспа құралының ылғалдығы тегіс таралмаған немесе баспа құралының бетінде ылғалды жерлер бар. Жаңа баспа құралына басып шығарып көріңіз.
- Баспа құралдарының тобы ақаулы болуы мүмкін. Өндіріс барысында кейбір жерлер тонерді қабылдамайтын болып болуы мүмкін. Түрі немесе сауда белгісі басқа бір баспа құралын пайдаланып көріңіз.
- Принтер картриджі ақаулы болуы мүмкін.

## Тік сызықтар



Баспа картриджінің ішіндегі фотосезгіш барабан тырналып қалған болуы мүмкін. HP компаниясының жаңа принтер картриджін орнатыңыз.

## Беттің фоны сұр болып шығады




- Баспа құралдарын жеңілірек түріне ауыстырыңыз.
- Принтер тұрған ортаның жағдайын тексеріңіз. Өте құрғақ (ылғалдылығы төмен) жағдайларда фонның боялуы артады.
- Тығыздық параметрі тым жоғары болуы мүмкін. Тығыздық параметрін дұрыстаңыз.
- HP компаниясының жаңа принтер картриджін орнатыңыз.

## Тонер айғыздалып шығады



- Егер тонер баспа құралдарының принтер ішіне бірінші кіретін шетіне жағылып шықса, баспа құрал бағыттаушылары кірленген болуы мүмкін. Баспа құралы бағыттаушыларын құрғақ, тегіс матамен сүртіңіз.
- Баспа құралдарының түрі мен сапасын тексеріңіз.
- Тонердің термиялық құрылғысының температурасы тым төмен болуы мүмкін. Принтер драйверінде баспа құралының түрі дұрыс таңдалғанына көз жеткізіңіз.
- HP компаниясының жаңа принтер картриджін орнатып көріңіз.

## Бос тонер




- Термофиксатордың температурасы тым төмендеп кетуі мүмкін. Принтеріңіздің драйверінде тиісті баспа құралының таңдалғанын тексеріңіз.
- Принтердің ішін тазалаңыз.
- Баспа құралдарының түрі мен сапасын тексеріңіз.
- Принтер драйверінде баспа құралының түрі дұрыс таңдалғанына көз жеткізіңіз.
- Принтерді желілік фильтрдің орнына тікелей айнымалы ток көзіне қосыңыз.

## Қайталанатын тік ақаулар




- Принтер картриджі зақымдалған болуы мүмкін. Егер ақау беттің бір жерінде қайталанып шықса, HP компаниясының жаңа принтер картриджін орнатыңыз.
- Принтердің ішкі бөлшектерінде тонер болуы мүмкін. Егер ақаулар парақтың артқы бетінде шықса, бұл проблема бірнеше бет басып шығарылғаннан кейін өздігінен жоғалуы мүмкін.
- Принтер драйверінде баспа құралының түрі дұрыс таңдалғанына көз жеткізіңіз.

## Таңбалар дұрыс қалыптаспаған




- Егер таңбалар дұрыс қалыптаспай, соның салдарынан бейне бұзылып шықса, баспа құралдарының дестесі тым тайғанақ болуы мүмкін. Баспа құралының басқа бір түрін пайдаланып көріңіз.
- Егер таңбалар дұрыс қалыптаспай, толқын сияқты шықса, принтерге техникалық қызмет қажет болуы мүмкін. Конфигурация бетін басып шығарыңыз. Егер таңбалар дұрыс қалыптаспаған болса, HP компаниясының өкілетті дилерімен немесе техникалық қызмет өкілімен хабарласыңыз.

## Бет қисық шығады




- Баспа құралдарының науаға дұрыс салынғанына және баспа құралы бағыттаушылары баспа құралдары дестесін тым қатты немесе тым бос ұстамайтынына көз жеткізіңіз.
- Беруші науа асыра толтырылған болуы мүмкін.
- Баспа құралдарының түрі мен сапасын тексеріңіз.

## Парақ бұралып немесе толқынданып шығады



- Баспа құралдарының түрі мен сапасын тексеріңіз. Жоғары температура мен жоғары ылғалдылық баспа құралдарының бұралуына әкеліп соғуы мүмкін.
- Баспа құралдары беруші науада тым ұзақ тұрған болуы мүмкін. Науадағы баспа құралдары дестесін аударыңыз. Сондай-ақ, баспа құралдарын 180° градусқа айналдырып көріңіз.
- Тікелей шығыс есігін ашып, тікелей шығыс жолы арқылы басып көріңіз.
- Тонердің термиялық құрылғысының температурасы тым жоғары болуы мүмкін. Принтер драйверінде баспа құралының түрі дұрыс таңдалғанына көз жеткізіңіз. Егер проблема жойылмаса, мөлдір үлдір не жеңіл баспа құралдары сияқты төменірек термиялық құрылғы температурасын талап ететін баспа құралы түрін таңдаңыз.


## Умаждау немесе бүгілу



- Баспа құралдары науа ішіне дұрыс салынғанына көз жеткізіңіз.
- Баспа құралдарының түрі мен сапасын тексеріңіз.
- Тікелей шығыс есігін ашып, тікелей шығыс жолы арқылы басып көріңіз.
- Науадағы баспа құралдары дестесін аударыңыз. Сондай-ақ, баспа құралдарын 180° градусқа айналдырып көріңіз.
- Конверттерде бұл конверт ішінде жабылып қалған ауадан пайда болуы мүмкін. Конвертті шығарып, жазыңыз және содан кейін қайтадан басып шығарып көріңіз.

## Таңбаның айналасына тонер шашырап шығады

---



- Егер таңбалардың айналасына тонер көп шашырса, баспа құралдары тонерді қабылдамайтын болуы мүмкін. (Лазерлі принтерлер үшін таңбаның айналасына тонердің аз мөлшерде шашырауы қалыпты жағдай болып табылады.) Баспа құралының басқа бір түрін пайдаланып көріңіз.
  - Науадағы баспа құралдары дестесін аударыңыз.
  - Лазерлі принтерлерге арналған баспа құралдарын пайдаланыңыз.
-

## Өнімділік ақаулықтарын түзету

| Мәселе                                       | Себеп                                                     | Шешім                                                                                                                                                                                                                                                                                                           |
|----------------------------------------------|-----------------------------------------------------------|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| Беттер басылып шығады, бірақ толығынан таза. | Баспа картридждерінің бітеуші таспасы шешілмеген болар.   | Бітеуші таспаның баспа картридждерінен толықтай алынғандығын тексеріңіз.                                                                                                                                                                                                                                        |
|                                              | Құжат құрамында таза беттер болуы мүмкін.                 | Басып отырған құжатыңызды беттердің барлығында да болуын қадағалаңыз.                                                                                                                                                                                                                                           |
|                                              | Өнім ақаулы болуы мүмкін.                                 | Өнімді тексеру үшін, Конфигурациялау бетін басып шығарыңыз.                                                                                                                                                                                                                                                     |
| Беттер тым баяу басылып шығарылады.          | Қалыңдау қағаз басып шығару операциясын баяулатуы мүмкін. | Өзге түрлі қағазды қолданып көріңіз.                                                                                                                                                                                                                                                                            |
|                                              | Құрастырмалы беттер баяу басылуы мүмкін.                  | Ең жақсы баспа сапасын қамтамасыз ету үшін қажетті термобекіту баяу баспа жылдамдығын қажет етуі мүмкін.                                                                                                                                                                                                        |
| Беттер басылып шығарылмады.                  | Өнім қағазды дұрыс тартпай тұруы мүмкін.                  | Қағаздың науаға дұрыс салынғандығына көз жеткізіңіз.                                                                                                                                                                                                                                                            |
|                                              | Қағаз өнімнің ішінде кептелді.                            | Кептелуді тазартыңыз. Қараңыз <a href="#">Кептелулер 116-бетте</a> .                                                                                                                                                                                                                                            |
|                                              | USB кабелі ақаулы немесе дұрыс жалғанбаған болуы мүмкін.  | <ul style="list-style-type: none"> <li>USB кабелін екі жағынан да ажыратып, қайта жалғаңыз.</li> <li>Соңғы басылған тапсырманы басып шығарып көріңіз.</li> <li>Өзге USB кабелін пайдаланып көріңіз.</li> </ul>                                                                                                  |
|                                              | Компьютеріңізде өзге құрылғылар қосылған.                 | Өнім USB портын ортақ пайдаланбауы мүмкін. Сізде өнімдікіне ұқсас портқа жалғанған ішкі қатқыл диск немесе желілік меңзерлі ауыстырғыш орнатылған жағдайда өзге құрылғы кедергі жасауы мүмкін. Өнімді жалғап, пайдалану үшін Сіз өзге құрылғыны ажыратуыңыз немесе компьютердің екі портын пайдалануыңыз керек. |

# Қосылу ақаулықтарын түзету

## Тікелей жалғау ақаулықтарын түзету

Егер сіз өнімді компьютерге тікелей қоссаңыз, кабельді тексеріңіз.

- Кабель компьютерге және өнімге жалғанғандығын тексеріңіз.
- Кабельдің 2 метрден ұзын емес екендігін тексеріңіз. Қажет болса, кабельді ауыстырыңыз.
- Кабельдің дұрыс жұмыс істейтінін басқа бір өнімге қосып тексеріңіз. Қажет болса, кабельді ауыстырыңыз.

## Желілік ақаулықтарды түзету

Өнім желімен байланысып тұрғанын анықтау үшін келесіні тексеріңіз. Бастар алдында конфигурация бетін басып шығарыңыз. [ақпарат беттерді басып шығару 78-бетте](#) қараңыз.

1. Жұмыс компьютердің немесе файл серверінің және өнімнің арасында физикалық байланыс ақаулығы бар ма?

Желілік кабелдің, байланыстардың және маршрутизатордың конфигурациялары дұрыс екенін тексеріңіз. Желілік кабельдің ұзындықтары желінің ерекшеліктеріне сай екенін тексеріңіз.

2. Желілік кабельдер дұрыс жалғанды ма?

Өнім желіге тиісті порт және кабель арқылы жалғанғанын тексеріңіз. Әр кабельдің жалғанған жері мықты және дұрыс екенін тексеріңіз. Егер ақаулық шешілмесе, концентраторға немесе трансиверге басқа кабельді немесе портты қолданып көріңіз. Өнімнің артқы жағындағы портқа қосатын жердегі сарғыш түсті жұмыс шамы және жасыл түсті мәртебе шамы жанып тұру керек.

3. Байланыс жылдамдығы мен дуплекс параметрлері дұрыс қойылған ба?

Hewlett-Packard бұл параметрді автоматты режимде қалдыруды ұсынады (стандартты параметр). [Байланыс жылдамдығының параметрі 47-бетте](#) дегенді қараңыз.

4. Өнімнің байланысын «ping» пәрменімен тексере аласыз ба?

Пәрмен жолын ашып, компьютеріңізден өнімнің байланысын тексеріңіз. Мысалы:

```
ping 192.168.45.39
```

Ping пәрмені айналып қайту уақытын көрсететініне көз жеткізіңіз.

Егер өнімнің байланысы өтіп тұрса, онда компьютеріңіздегі өнімнің IP адрес конфигурациясы дұрыс екенін тексеріңіз. Егер ол дұрыс болса, өнімді жойып, қайта қосыңыз.

Егер ping пәрмені байланыса алмаса, желілік концентраторлардың қосулы екенін тексеріңіз. Содан соң, желілік теңшеулердің, өнімнің және компьютердің конфигурациялары сол желіге бапталғанын тексеріңіз.

5. Желіге ешқандай бағдарламалық жасақтар қосылған жоқ па?

Оларға желіде қолдау көрсетілетінін және олар дұрыс принтер драйверлерімен орнатылғанын тексеріңіз.

**6. Басқа пайдаланушылар басып шығара ала ма?**

Ақаулық жұмыс компьютеріңізге байланысты болуы мүмкін. Жұмыс компьютеріңіздің желілік драйверлерін, принтер драйверлерін және бағытты өзгерту мүмкіндігін тексеріңіз (Novell NetWare жасақтамасында ұсталады).

**7. Егер басқа пайдаланушылар басып шығара алса, олар дәл сол желілік операциялық жүйені қолданып отыр ма?**

Жүйеңіздегі желілік операциялық жүйеңіздің дұрыс орнатылғанын тексеріңіз.

**8. Протокол қосулы ма?**

Конфигурация бетінен протоколыңыздың қалпын тексеріңіз. Сонымен қатар, сіз енгізілген веб-серверді пайдаланып басқа протоколдардың міртебесін тексере аласыз. [Енгізілген веб-сервер 85-бетте](#) қараңыз.

**9. Өнім HP Web Jetadmin немесе басқа басқару бағдарламалық құралында көріне ме?**

- Желінің конфигурациясы бетінде желілік параметрлерді тексеріңіз.
- Өнімнің басқару панелінен (басқару панелдері бар өнімдерге арналған) желілік параметрлерін растаңыз.

# Жалпы Windows ақаулықтарын түзету

Қателік туралы хабар:

«General Protection FaultException OE»

«Spool32»

«Тыйым Салынған Операция»

| Себеп | Шешім                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                              |
|-------|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
|       | <p>Барлық бағдарламалық жасақтамаларды жауып, Windows жүйесін өшіріп, қайта қосыңыз. Содан соң, қайта көріңіз.</p> <p>Принтердің басқа драйверін таңдаңыз. Әдетте бұл жұмысты бағдарламалық жасақтамадан орындай аласыз.</p> <p>Уақытша ішкі каталогынан барлық уақытша файлдарды өшіріңіз. Каталогтың атын AUTOEXEC.BAT файлдағы ішінде «Set Temp =» жолына өзгерту енгізу арқылы бекітуіңізге болады. Сол жолға енгізілген атау уақытша каталогтың аты болады. Көбінесе, уақытша каталог C:\TEMP адресі бойынша орналасады. Бірақ, оны өзгертуге болады.</p> <p>Windows жүйесінің қателік туралы хабарлары жөнінде қосымша ақпарат алу үшін компьютеріңізбен бірге келген Microsoft Windows құжатын қараңыз.</p> |

# Macintosh ақаулықтарын түзету

 **ЕСКЕРІМ:** USB және IP баспасының орнатылуы Үстелдік принтери утилитасы арқылы орындалады. Өнім Таңдауышта көрсетілмейді.

Принтер драйвері Баспа Орталығында тізімделмеген.

| Себеп                                                                                  | Шешім                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                 |
|----------------------------------------------------------------------------------------|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| Өнімнің бағдарламалық жасақтамасы орнатылмаған немесе дұрыс орнатылмаған болуы мүмкін. | PPD файлы келесі қатқыл диск папкасында екенін тексеріңіз: <code>Library/Printers/PPDs/Contents/Resources/&lt;lang&gt;.lproj</code> , бұндағы <code>&lt;lang&gt;</code> сіз пайдаланатын екі әріпті тіл коды болып табылады. Қажет болса, бағдарламалық жасақтаманы қайта орнатыңыз. Нұсқаулықтарды алғашқы іске қосу жөніндегі нұсқаулықтан қараңыз. |
| PostScript Принтер ерекшелігі (PPD) файлында ақаулық бар.                              | Келесі қатқыл диск папкасынан PPD файлын өшіріңіз: <code>Library/Printers/PPDs/Contents/Resources/&lt;lang&gt;.lproj</code> , бұндағы <code>&lt;lang&gt;</code> сіз пайдаланатын екі әріпті тіл коды болып табылады. Бағдарламалық жасақтаманы қайта орнатыңыз. Нұсқаулықтарды алғашқы іске қосу жөніндегі нұсқаулықтан қараңыз.                      |

Өнім атауы, IP адресі немесе Rendezvous немесе Bonjour хост аттары баспа орталығындағы принтер тізімінің өрісінде көрсетілмеген.

| Себеп                                                              | Шешім                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                            |
|--------------------------------------------------------------------|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| Өнім дайын болмауы мүмкін.                                         | Кабельдердің дұрыс жалғанғанын, өнімнің қосылып және дайын шамы жанып тұрғанын тексеріңіз. Егер сіз USB немесе Ethernet концентраторы арқылы қосылсаңыз, онда компьютерге тікелей немесе басқа порт арқылы қосылып көріңіз.                                                                                                                      |
| Қате байланыс түрі таңдалған болуы мүмкін.                         | Өнім мен компьютердің арасындағы байланыс түріне байланысты USB, IP баспасы немесе Rendezvous таңдалғанын тексеріңіз.                                                                                                                                                                                                                            |
| Қате өнім аты, IP адресі немесе Rendezvous хост аты пайдаланылуда. | Өнімнің атын, IP адресін немесе Rendezvous хост атын конфигурация бетін басып шығару арқылы тексеріңіз. <a href="#">ақпарат беттерді басып шығару 78-бетте</a> қараңыз. Конфигурация бетіндегі аты, IP адресі немесе Rendezvous хост аты Баспа Орталығындағы өнімнің атына, IP адресіне немесе Rendezvous хост атына сәйкес келетінін анықтаңыз. |
| Интерфейс кабелі ақаулы немесе сапасы төмен болуы мүмкін.          | Интерфейс кабелін ауыстырыңыз. Жоғары сапалы кабельді пайдаланыңыз.                                                                                                                                                                                                                                                                              |

Принтер драйвері Баспа орталығындағы таңдалған өнімді автоматты түрде орнатпайды.

| Себеп                      | Шешім                                                                                                                                                                                                                       |
|----------------------------|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| Өнім дайын болмауы мүмкін. | Кабельдердің дұрыс жалғанғанын, өнімнің қосылып және дайын шамы жанып тұрғанын тексеріңіз. Егер сіз USB немесе Ethernet концентраторы арқылы қосылсаңыз, онда компьютерге тікелей немесе басқа порт арқылы қосылып көріңіз. |

**Принтер драйвері Баспа орталығындағы таңдалған өнімді автоматты түрде орнатпайды.**

| Себеп                                                                                  | Шешім                                                                                                                                                                                                                                                                                                          |
|----------------------------------------------------------------------------------------|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| Өнімнің бағдарламалық жасақтамасы орнатылмаған немесе дұрыс орнатылмаған болуы мүмкін. | PPD файлы келесі қатқыл диск папкасында екенін тексеріңіз: Library/Printers/PPDs/Contents/Resources/<lang>.lproj, бұндағы <lang> сіз пайдаланатын екі әріпті тіл коды болып табылады. Қажет болса, бағдарламалық жасақтаманы қайта орнатыңыз. Нұсқаулықтарды алғашқы іске қосу жөніндегі нұсқаулықтан қараңыз. |
| PostScript Принтер ерекшелігі (PPD) файлында ақаулық бар.                              | Келесі қатқыл диск папкасынан PPD файлын өшіріңіз: Library/Printers/PPDs/Contents/Resources/<lang>.lproj, бұндағы <lang> сіз пайдаланатын екі әріпті тіл коды болып табылады. Бағдарламалық жасақтаманы қайта орнатыңыз. Нұсқаулықтарды алғашқы іске қосу жөніндегі нұсқаулықтан қараңыз.                      |
| Өнім дайын болмауы мүмкін.                                                             | Кабельдердің дұрыс жалғанғанын, өнімнің қосылып және дайын шамы жанып тұрғанын тексеріңіз. Егер сіз USB немесе Ethernet концентраторы арқылы қосылсаңыз, онда компьютерге тікелей немесе басқа порт арқылы қосылып көріңіз.                                                                                    |
| Интерфейс кабелі ақауылы немесе сапасы төмен болуы мүмкін.                             | Интерфейс кабелін ауыстырыңыз. Жоғары сапалы кабельді пайдаланыңыз.                                                                                                                                                                                                                                            |

**Баспа тапсырмасы сіз қалаған өнімге жіберілмеген.**

| Себеп                                                                                                                                                                        | Шешім                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                            |
|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| Баспа кезегі тоқтатылған болуы мүмкін.                                                                                                                                       | Баспа кезегін қайта бастаңыз. <b>Print monitor</b> (Баспаны қадағалау) тармағын ашып <b>Start Jobs</b> (Тапсырмаларды бастау) батырмасын басыңыз.                                                                                                                                                                                                |
| Қате өнім аты немесе IP адресі пайдаланылуда. Басып шығары тапсырмаңызды дәл сондай немесе ұқсас аты, IP адресі немесе Rendezvous хост аты бар өнім қабылдаған болуы мүмкін. | Өнімнің атын, IP адресін немесе Rendezvous хост атын конфигурация бетін басып шығару арқылы тексеріңіз. <a href="#">ақпарат беттерді басып шығару 78-бетте</a> қараңыз. Конфигурация бетіндегі аты, IP адресі немесе Rendezvous хост аты Баспа Орталығындағы өнімнің атына, IP адресіне немесе Rendezvous хост атына сәйкес келетінін анықтаңыз. |

**Инкапсуляцияланған PostScript (EPS) файлы қате қаріптермен басылып шығады.**

| Себеп                                                   | Шешім                                                                                                                                                                                              |
|---------------------------------------------------------|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| Бұл ақаулық кейбір бағдарламалық жасақтамаларда болады. | <ul style="list-style-type: none"><li>Басып шығару алдында өнімге EPS файлында берілген қаріптерді жүктеп көріңіз.</li><li>Файлды екілік код пішімінің орнына ASCII пішімінде жіберіңіз.</li></ul> |

Үшінші тарап USB картасынан басып шығара алмайсыз.

**Себеп**

Бұл қателік USB құрылғысының бағдарламалық жасақтамасы орнатылмаған кезде шығады.

**Шешім**

Үшінші тарап USB картасын қосқан кезде, Apple USB Адаптер картасын қолдау бағдарламалық жасақтамасы қажет болуы мүмкін. Бұл бағдарламалық жасақтаманың ең жаңа нұсқасы Apple веб-торабында бар.

USB кабелі арқылы қосылған болса, драйвер таңдалғаннан кейін өнім Macintosh Баспа орталығында көрсетілмейді.

**Себеп**

Бұл ақаулық бағдарламалық жасақтың немесе аппараттық құралдық құрам бөлігінің кесірінен туындады.

**Шешім**

**Бағдарламалық жасақтамаға байланысты ақаулықты түзету**

- Сіздің Macintosh жүйеңіз USB мүмкіндігін қолдайтынын анықтаңыз.
- Осы өнім қолдайтын Macintosh операциялық жүйесін пайдаланып отырғаныңызды анықтаңыз.
- Macintosh жүйеңізде тиісті Apple компаниясының USB бағдарламалық жасағы бар екенін тексеріңіз.

**Аппараттық құралға байланысты ақаулықты түзету**

- Өнімнің қосулы екенін тексеріңіз.
- USB кабелінің дұрыс жалғанғанын тексеріңіз.
- Тиісті жоғары жылдамдықты USB кабелін пайдаланып отырғаныңызды тексеріңіз.
- Тізбектен қуат алатын USB құрылғыларының тым көп емес екенін тексеріңіз. Барлық құрылғыларды тізбектен ажыратып, кабельді тікелей хост компьютеріндегі USB портына қосыңыз.
- Тізбекке екеуден артық қуатсыз USB концентраторлары жалғанбағанын тексеріңіз. Барлық құрылғыларды тізбектен ажыратып, кабельді тікелей хост компьютеріндегі USB портына қосыңыз.

**ЕСКЕРІМ:** iMac пернетақтасы қуатсыз USB хабы болып табылады.

## Linux жүйесіндегі мәселелерді шешу

Linux мәселесін шешу туралы ақпарат алу үшін HP Linux қолдау веб торабына өтіңіз:  
[www.hp.com/go/linuxprinting](http://www.hp.com/go/linuxprinting).



---

# А Қамсыздандыру материалдары және керек-жарақтар

- Қосалқы бөлшектерге, керек-жарақтарға және жабдықтарға тапсырыс беру
- Бөлшектердің номерлері

## Қосалқы бөлшектерге, керек-жарақтарға және жабдықтарға тапсырыс беру

Қосалқы бөлшектерге, керек-жарақтарға, жабдықтарға тапсырыс берудің бірнеше ідісі бар.

### Тікелей HP компаниясына тапсырыс беру

Сіз келесі заттарды тікелей HP компаниясынан ала аласыз:

- **Қосалқы бөлшектер:** АҚШ аумағында қосалқы бөлшектерге тапсырыс беру үшін [www.hp.com/go/hpparts](http://www.hp.com/go/hpparts) өтіңіз. АҚШ тыс елдерде қосалқы бөлшектерге тапсырыс беру үшін жергілікті авторизацияланған HP қызмет орталықтарымен хабарласыңыз.
- **Жабдықтар және керек-жарақтар:** АҚШ аумағында жабдықтарға тапсырыс беру үшін [www.hp.com/go/ljsupplies](http://www.hp.com/go/ljsupplies) өтіңіз. Дүниежүзінде жабдықтарға тапсырыс беру үшін [www.hp.com/ghp/buyonline.html](http://www.hp.com/ghp/buyonline.html) өтіңіз. Керек жарақтарға тапсырыс беру үшін [www.hp.com/support/ljp2050series](http://www.hp.com/support/ljp2050series) өтіңіз.

### Қызмет немесе қолдау қызметтері арқылы тапсырыс беріңіз

Бөлшекке немесе керек жарақтарға тапсырыс беру үшін авторизацияланған HP қызмет орталықтарымен хабарласыңыз.

### Тікелей HP ToolboxFX бағдарламалық құралы арқылы тапсырыс беру

HP ToolboxFX бағдарламалық жасақтамасы өнімнің конфигурациясын, бақылауды, қамсыздандыру материалдарына тапсырыс беруді, ақаулықтарды түзетуді және жаңарту жұмыстарын барынша жеңілдетіп, өнімділігін арттыру үшін жасалған өнімді басқару құралы болып табылады. HP ToolboxFX жөнінде қосымша ақпарат алу [HP ToolboxFX бағдарламалық жасақты пайдалану 79-бетте](#) үшін қараңыз.

## Бөлшектердің номерлері

Келесі құралдар тізімі басып шығару кезінде ағымдық болған. Таспырыс беру туралы ақпарат пен қол жетімді аксессуарлар өнімнің пайдалану мерзімінде өзгеруі мүмкін.

### Парақтармен жұмыс істейтін құралдар

| Тармақ                                       | Сипаттамасы                                            | Бөлшектердің нөмірі |
|----------------------------------------------|--------------------------------------------------------|---------------------|
| Қосымша 500 парақтық науа және әпергіш блогы | Парақ қабылдау мүмкіндігін жоғарылататын қосымша науа. | CE464A              |

### Баспа картридждері

| Тармақ                      | Сипаттамасы                 | Бөлшектердің нөмірі |
|-----------------------------|-----------------------------|---------------------|
| HP LaserJet баспа картриджі | Стандартты сыйымды картридж | CE505A              |
|                             | Сыйымдылығы жоғары картридж | CE505X              |

### Жад

| Тармақ                                                                      | Сипаттамасы | Бөлшектердің нөмірі |
|-----------------------------------------------------------------------------|-------------|---------------------|
| 44 x 32 істікті DDR2 жад DIMM модулі (қос желілі жад модулі)                | 32 МБайт    | CB420A              |
|                                                                             | 64 МБ       | CB421A              |
| Өнімнің үлкен және құрмалас тапсырмаларды басып шығару қабілетін арттырады. | 128 МБ      | CB422A              |
|                                                                             | 256 МБ      | CB423A              |

### Кабельдер мен интерфейстер

| Тармақ                            | Сипаттамасы                                  | Бөлшектердің нөмірі                                                                                       |
|-----------------------------------|----------------------------------------------|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| HP Jetdirect сыртқы баспа сервері | HP Jetdirect en1700                          | J7942G                                                                                                    |
|                                   | HP Jetdirect en3700                          | J7942G                                                                                                    |
|                                   | HP Jetdirect ew2400 USB сымсыз баспа сервері | J7951G                                                                                                    |
|                                   | HP Jetdirect 175x                            | J6035G                                                                                                    |
|                                   | HP USB желілік баспа адаптері                | Q6275A (бүкіләлемдік)                                                                                     |
|                                   | HP сымсыз баспаны жаңарту жинағы             | Q6236A (Солтүстік Америка)<br>Q6259A (Еуропа, Таяу Шығыс, Африка және Азия-Тынық мұхиты елдері/аймақтары) |
| USB кабелі                        | 2-метрлік А-В кабелі                         | C6518A                                                                                                    |



---

## В Қызмет және Қолдау

- [Hewlett-Packard компаниясының шектеулі кепілдік туралы мәлімдемесі](#)
- [Баспа картриджінің шектеулі кепілдігі жөніндегі мәлімдеме](#)
- [Соңғы Пайдаланушының Лицензиялық Келісімі](#)
- [Пайдаланушының орындайтын жөндеудің кепілдік қызметі](#)
- [Тұтынушыларды қолдау](#)
- [HP техникалық қызмет көрсету келісімдері](#)

# Hewlett-Packard компаниясының шектеулі кепілдік туралы мәлімдемесі

| HP ӨНІМІ                  | ШЕКТЕУЛІ КЕПІЛДІК МЕРЗІМІ         |
|---------------------------|-----------------------------------|
| HP LaserJet P2050 сериялы | Сатып алған күннен бастап бір жыл |

HP компаниясы сізге, соңғы пайдаланушыға сатып алынған күннен бастап жоғарыда көрсетілген мерзім ішінде HP аппараттық құралдары мен керек-жарақтарының материалдары мен дайындалу сапасы жағынан ақаулы еместігіне кепілдік береді. Егер HP компаниясы кепілдік мерзімі ішінде осындай ақаулықтар туралы хабар алса, HP ақаулы болып шыққан өнімдерді өз ұйғарымына сәйкес жөндеп немесе ауыстырып береді. Ауыстырылған өнімдер жаңа немесе жаңа өнімдер сияқты жұмыс істейтін болуы мүмкін.

HP компаниясы сізге сатып алынған күннен бастап жоғарыда көрсетілген мерзім ішінде HP бағдарламалық құралының дұрыс орнатылған немесе пайдаланылған кезде материалдары мен дайындалу сапасындағы ақаулықтарға байланысты бағдарламалау нұсқауларын орындамай қоймайтынына кепілдік береді. Егер HP компаниясы кепілдік мерзімі ішінде осындай ақаулықтар туралы хабар алса, HP компаниясы осындай ақаулықтардың салдарынан бағдарламалау нұсқауларын орындамаған бағдарламалық құралды ауыстырып береді.

HP компаниясы HP өнімдерінің үздіксіз және қатесіз жұмыс істейтініне кепілдік бермейді. Егер HP компаниясы қажетті мерзімде кепілдіктегі шартқа байланысты өнімін жөндеп немесе ауыстырып бере алмаса, сіз өнімді қайтарысымен оның құнын қайтарып алуға құқылысыз.

HP өнімдерінің құрамында жұмысы жағынан жаңасымен тең зауытта қалпына келтірілген бөлшектердің болуы мүмкін немесе олар қосымша пайдаланған болуы мүмкін.

Кепілдік (а) дұрыс немесе талаптарға сәйкес жөндемеу немесе тексеру, (ә) HP компаниясының бағдарламалық құралын, интерфейсін немесе қосалқы бөлшектерін пайдаланбау, (б) рұқсатсыз өзгерту немесе дұрыс пайдаланбау, (в) өнімді қоршаған орта талаптарына сәйкес пайдаланбау немесе (г) тиісті орында дайындамау немесе жөндемеу нәтижесінде туындаған ақаулықтарды қамтымайды.

ЖЕРГІЛІКТІ ЗАҢМЕН РҰҚСАТ БЕРІЛГЕН ШАРАЛАР БОЙЫНША ЖОҒАРЫДА АЙТЫЛҒАН КЕПІЛДІКТЕР ЕРЕКШЕ БОЛЫП САНАЛАДЫ ЖӘНЕ ЕШБІР ЖАЗБАША НЕМЕСЕ АУЫЗША КЕПІЛДІК НЕМЕСЕ ШАРТ ТҮСІНІКТІ НЕМЕСЕ ТҰСПАЛДЫ ТҮРДЕ АЙТЫЛМАЙДЫ. HP КОМПАНИЯСЫ ТАУАРДЫҢ ЖАРАМДЫЛЫҒЫ, ҚАНАҒАТТАНАРЛЫҚ САПА МЕН БЕЛГІЛІ БІР МАҚСАТҚА ЖАРАМДЫЛЫҚ ТУРАЛЫ КЕЗ КЕЛГЕН ТҰСПАЛДЫ КЕПІЛДІКТЕРДЕН НЕМЕСЕ ШАРТТАРДАН НАҚТЫ ТҮРДЕ БАС ТАРТАДЫ. Кейбір елдер/аймақтар, штаттар немесе облыстар тұспалды кепілдіктің ұзақтығын шектеуге рұқсат бермейді, сондықтан жоғарыда айтылған шектеу немесе ерекшелік сізге қатысты болмауы мүмкін. Бұл кепілдік сізге нақты заңды құқықтар береді және елге/аймаққа, штатқа немесе облысқа қарай сіздің басқа да құқықтарыңыздың болуы мүмкін.

HP компаниясының шектеулі кепілдігі HP компаниясының осы өнімге қолдау көрсететін және HP компаниясы осы өнімді сататын кез келген елде/аймақта немесе мекенде жарамды. Сіздегі кепілдік қызметінің деңгейі жергілікті стандарттарға сәйкес өзгеруі мүмкін. HP компаниясы заңдық немесе реттеуші себептері бойынша жұмыс істеуге қабілетсіз елде/аймақта өнімді пайдалану үшін оның пішінін, мақсатын немесе функциясын өзгертпейді.

ЖЕРГІЛІКТІ ЗАҢМЕН РҰҚСАТ БЕРІЛГЕН ШАРАЛАР БОЙЫНША БҰЛ КЕПІЛДІК МӘЛІМДЕМЕСІНДЕ АТАЛҒАН ӨТЕМАҚЫЛАР ТЕК СІЗГЕ ТӨЛЕНЕТІН ӨТЕМАҚЫЛАР БОЛЫП ТАБЫЛАДЫ. ЖОҒАРЫДА АЙТЫЛҒАН ЖАҒДАЙЛАРДАН БӨЛЕК ЕШҚАНДАЙ ЖАҒДАЙДА HP

КОМПАНИЯСЫ ЖӘНЕ ОНЫҢ ЖЕТКІЗУШІЛЕРІ КЕЛІСІМ ШАРТТЫ, АЗАМАТТЫҚ ҚҰҚЫҚТЫҢ БҰЗЫЛУЫН НЕМЕСЕ БАСҚАЛАРДЫ НЕГІЗГЕ АЛА ОТЫРЫП, ЖОҒАЛҒАН МӘЛІМЕТТЕР ҮШІН НЕМЕСЕ ТІКЕЛЕЙ, ӨДЕЙІ, БАЙҚАУСЫЗДА, ЖАНАМА ЗАҚЫМ (СОНЫҢ ІШІНДЕ ЖОҒАЛҒАН ПАЙДА НЕМЕСЕ МӘЛІМЕТ) НЕМЕСЕ БАСҚА ЗАҚЫМ ҮШІН ЖАУАПКЕРШІЛІК АРТПАЙДЫ. Кейбір елдер/аймақтар, штаттар немесе облыстар тұспалды кепілдіктің ұзақтығын шектеуге рұқсат бермейді, сондықтан жоғарыда айтылған шектеу немесе ерекшелік сізге қатысты болмауы мүмкін.

БҰЛ МӘЛІМДЕМЕДЕ БЕРІЛГЕН КЕПІЛДІК ШАРТТАРЫ, ЗАҢМЕН РҰҚСАТ ЕТІЛГЕН ШАРАЛАРДАН БӨЛЕК, БҰЛ ӨНІМДІ СІЗГЕ САТУҒА ҚАТЫСТЫ МІНДЕТТІ, ЗАҢМЕН БЕЛГІЛЕНГЕН ҚҰҚЫҚТАРЫҢЫЗҒА ТЫЙЫМ САЛМАЙДЫ, ОЛАРДЫ ШЕКТЕМЕЙДІ НЕМЕСЕ ӨЗГЕРТПЕЙДІ ЖӘНЕ ТОЛЫҚТЫРЫП ТҰРАДЫ.

## Баспа картриджінің шектеулі кепілдігі жөніндегі мәлімдеме

Осы HP баспа картриджіне оның материалдарының және өндірістік ақаулықтарының жоқтығына кепілдік беріледі.

Осы кепілдікпен (а) қайтадан толтырылған, жаңартылған, қалпына келтірілген немесе тағы басқа жолмен қолдан жасалған, (b) дұрыс пайдаланбаудан, дұрыс сақтамаудан немесе принтер үшін жарияланған талаптарға сай келмейтін ортада пайдаланудан шыққан проблемалары болған немесе (с) әдеттегідей пайдаланудан соң тозып калған картридждер қамтылмайды.

Кепілдік қызметін алу үшін, өнімді сатып алған жерге қайтарыңыз (проблеманың жазбаша түсіндірмесімен және қағазға басып шығарылған беттердің үлгілерімен бірге) немесе HP Тұтынушыларды қолдау қызметімен хабарласыңыз. HP өз ұйғарымы бойынша ақаулы болып шыққан өнімдерді ауыстырып береді немесе олардың құнын қайтарып береді.

ЖЕРГІЛІКТІ ЗАҢМЕН РҰҚСАТ БЕРІЛГЕН ДӨРЕЖЕДЕ ЖОҒАРЫДА БЕРІЛГЕН КЕПІЛДІКТЕР ЖАЛҒЫЗ ДЕП САНАЛАДЫ ЖӘНЕ ЕШБІР БАСҚА ЖАЗБАША НЕМЕСЕ АУЫЗША КЕПІЛДІК НЕМЕСЕ ШАРТ ТІКЕЛЕЙ НЕМЕСЕ ЖАНАМА ТҮРДЕ БЕРІЛМЕЙДІ. HP КОМПАНИЯСЫ ӨСІРЕСЕ ҚАНДАЙ ДА БІР ТАУАРЛЫҚ КҮЙ, ҚАНАФАТТАНАРЛЫҚ САПА ЖӘНЕ БЕЛГІЛІ БІР МАҚСАТҚА ЖАРАМДЫЛЫҚ ТУРАЛЫ КЕПІЛДІКТЕР МЕН ШАРТТАРДЫ МОЙЫНДАУДАН БАС ТАРТАДЫ.

ЖОҒАРЫДА АЙТЫЛҒАН ЖАҒДАЙЛАРДЫ ҚОСПАҒАНДА, HP НЕМЕСЕ ОНЫҢ ЖАБДЫҚТАУШЫЛАРЫ ЕШҚАНДАЙ ЖАҒДАЙДА ЖОҒАЛҒАН МӘЛІМЕТТЕР ҮШІН НЕМЕСЕ ТІКЕЛЕЙ, ЕРЕКШЕ, КЕЗДЕЙСОҚ, ЖАНАМА ЗИЯН (СОНЫҢ ІШІНДЕ ЖІБЕРІП АЛҒАН ПАЙДА НЕМЕСЕ МӘЛІМЕТТЕР) ҮШІН НЕМЕСЕ БАСҚА ЗИЯН ҮШІН ОЛАРДЫҢ КЕЛІСІМ-ШАРТТАН, АЗАМАТТЫҚ ҚҰҚЫҚТЫҢ БҰЗЫЛҒАНЫНАН НЕМЕСЕ БАСҚА ЖОЛМЕН ШЫҚҚАНЫНА ҚАРАМАСТАН ЖАУАПКЕРШІЛІК КӨТЕРМЕЙДІ.

БҰЛ МӘЛІМДЕМЕДЕ БЕРІЛГЕН КЕПІЛДІК ШАРТТАРЫ, ЗАҢМЕН РҰҚСАТ ЕТІЛГЕН ДӨРЕЖЕНІ ҚОСПАҒАНДА, БҰЛ ӨНІМДІ СІЗГЕ САТУҒА ҚАТЫСТЫ МІНДЕТТІ, ЗАҢДА БЕЛГІЛЕНГЕН ҚҰҚЫҚТАРЫҢЫЗДЫ ЖОЙМАЙДЫ, ШЕКТЕМЕЙДІ НЕМЕСЕ ӨЗГЕРТПЕЙДІ ЖӘНЕ ОЛАРДЫ ТОЛЫҚТЫРЫП ТҰРАДЫ.

## Соңғы Пайдаланушының Лицензиялық Келісімі

ОСЫ БАҒДАРЛАМАЛЫҚ ҚҰРАЛ ӨНІМІН ПАЙДАЛАНАР АЛДЫНДА МҰҚИЯТ ОҚЫП ШЫҒЫҢЫЗ: Осы Соңғы Пайдаланушының Лицензиялық Келісімі («СПЛК») Сіздің бағдарламалық құрал өнімін («Бағдарламалық құралды») пайдалануыңызды реттейтін (a) Сіз (жеке тұлға немесе сіз танытып отырған ұйым) және (b) Hewlett-Packard (HP) Компаниясы арасында жасалған келісім болып табылады. Сіз және HP немесе оның жабдықтаушыларының арасында Бағдарламалық құрал бойынша жасасқан бөлек лицензия, соның ішінде онлайн құжаттамасындағы лицензиялық келісім болған жағдайда бұл СПЛК қолданылмайды. «Бағдарламалық құрал» термині (i) тиісті медианы, (ii) пайдалану жөніндегі нұсқаулықты және өзгедей материалдарды және (iii) «онлайн» немесе электрондық құжаттаманы (бірлесе отырып «Пайдаланушы Құжаттамасын») қамтуы мүмкін.

БАҒДАРЛАМАЛЫҚ ҚҰРАЛДЫ ИЕЛЕНУ ҚҰҚЫҚТАРЫ СІЗ ОСЫ СПЛК БАРЛЫҚ ШАРТТАРЫМЕН ЖӘНЕ ЖАЙТТАРЫМЕН КЕЛІСУ ЖАҒДАЙЫНДА ҒАНА ТАПСЫРЫЛАДЫ. БАҒДАРЛАМАЛЫҚ ҚҰРАЛДЫ ОРНАТУ, КӨШІРУ, ЖҮКТЕУ НЕМЕСЕ ӨЗГЕДЕЙ ЖОЛМЕН ПАЙДАЛАНУ НӘТИЖЕСІНДЕ СІЗ ОСЫ СПЛК ШАРТТАРЫМЕН КЕЛІСЕСІЗ. ЕГЕР СІЗ ОСЫ СПЛК ҚАБЫЛДАМАЙТЫН БОЛСАҢЫЗ, БАҒДАРЛАМАЛЫҚ ҚҰРАЛДЫ ОРНАТПАҢЫЗ, ЖҮКТЕМЕҢІЗ НЕМЕСЕ ӨЗГЕДЕЙ ЖОЛМЕН ПАЙДАЛАНБАҢЫЗ. ЕГЕР СІЗ ОСЫ БАҒДАРЛАМАЛЫҚ ҚҰРАЛДЫ САТЫП АЛСАҢЫЗ, БІРАҚ ОСЫ СПЛК ШАРТТАРЫМЕН КЕЛІСПЕСЕҢІЗ, САТЫП АЛУ ҚҰНЫН ӨТЕП АЛУ ҮШІН БАҒДАРЛАМАЛЫҚ ҚҰРАЛДЫ САТЫП АЛУ КҮНІНЕН БАСТАП ОН ТӨРТ КҮН ІШІНДЕ САТЫП АЛУ ОРНЫНА ҚАЙТАРЫҢЫЗ; БАҒДАРЛАМАЛЫҚ ҚҰРАЛ ОРНАТЫЛЫП ҚОЙҒАН НЕМЕСЕ ӨЗГЕ HP ӨНІМІМЕН ҚОСА ПАЙДАЛАНУҒА ЖАРАМДЫ БОЛСА, СІЗ ТОЛЫҚТАЙ ПАЙДАЛАНБАҒАН ӨНІМДІ ҚАЙТАРА АЛАСЫЗ.

1. ҮШІНШІ ТАРАП БАҒДАРЛАМАЛЫҚ ҚҰРАЛЫ. Бағдарламалық құрал HP жекеменшігіндегі бағдарламалық құралмен («HP Бағдарламалық құралы») қоса үшінші тараптан алынған лицензиямен жеткізілетін бағдарламалық құралды қамтуы мүмкін («Үшінші Тарап Бағдарламалық құралы» және «Үшінші Тарап Лицензиясы»). Кез келген Үшінші Тарап Бағдарламалық құралының лицензиясы Сізге сәйкес Үшінші Тарап Лицензиясының шарттары мен жайттарына сәйкес беріледі. Әдетте, Үшінші Тарап Лицензиясы license.txt немесе ұқсас файлдарда орналасады; Сіз ешқандай Үшінші Тарап Лицензиясын таба алмаған жағдайда HP қолдау қызметімен хабарласуыңыз тиіс. Үшінші Тарап Лицензиясы көз кодына қол жеткізу мүмкіндігін беру үшін жеткізілетін лицензияларды (GNU Негізгі Қоғамдық Лицензиясы сияқты) қамтитын болса және сәйкес көз коды бағдарламалық құралмен жеткізілмесе, HP веб-сайтындағы (hp.com) өнімді қолдау бетіне кіріп, сондай көз кодын қалай алуға болатындығын біліңіз.

2. ЛИЦЕНЗИЯ БОЙНША БЕРІЛЕТІН ҚҰҚЫҚТАР. Сіз осы СПЛК барлық шарттарымен және жайттарымен келісу нәтижесінде Сізге келесідей құқықтар беріледі:

a. Пайдалану. HP Сізге HP Бағдарламалық құралының бір нұсқасын Пайдалану құқығын тапсырады. «Пайдалану» HP Бағдарламалық құралын орнатуды, көшіруді, сақтауды, жүктеуді, орындауды, көрсетуді немесе кез келген өзгедей жолмен пайдалануды білдіреді. Сізге HP Бағдарламалық құралын өзгертуге немесе HP Бағдарламалық құралының лицензиялау немесе басқару мүмкіндіктерін ажыратуға тыйым салынады. Бағдарламалық құрал HP компаниясымен бейнелеу немесе басып шығару өнімімен (мысалы, Бағдарламалық құрал болып принтер драйвері, енгізілген БҚ немесе қолсымша болып табылса), HP Бағдарламалық құралы тек сондай өніммен («HP Өнімі») ғана пайдаланылуы мүмкін. Пайдаланудың қосымша шектеулері Пайдаланушы Құжаттамасында көрсетілуі мүмкін. Сізге Пайдалануға арналған HP Бағдарламалық құралының құрам бөліктерін бөліп алуға тыйым салынады. Сізде HP Бағдарламалық құралын тарату құқықтары жоқ.

b. Көшіру. Сіздің көшіру құқықтарыңыз Сізде HP Бағдарламалық құралының әр көшірмеде HP Бағдарламалық құралының жекеменшік құқықтары жөніндегі ескертулері бар және сақтандыру

мақсаттарында ғана қолданылатын архивтеу немесе сақтандыру көшірмесін жасау мүмкіндігі бар екендігін білдіреді.

3. ЖЕТІЛДІРУ. НР компаниясымен жеткізілетін НР Бағдарламалық құралының Пайдалануды жетілдіру, жаңарту немесе толықтыру (бірлесе отырып «Жетілдіру») үшін, Сіз ең алдымен НР тарапынан Жетілдіруге құқылы деп танылған НР Бағдарламалық құралды пайдалану лицензиясын алуыңыз тиіссіз. Жетілдіру НР өзіндік Бағдарламалық құралының орын басу жағдайында Сізге ондай НР Бағдарламалық құралын пайдалануға болмайды. Осы СПЛК НР Жетілдірудің жаңа шарттарын қоймайынша, әр Жетілдіруге қатысты қолданыста болады. Осы СПЛК және сондай өзге шарттар арасында қайшылықтар туу жағдайында өзге шарттар басым күшке ие болады.

#### 4. ЖЕТКІЗУ.

а. Үшінші Тарап Жеткізуі. НР Бағдарламалық құралы соңғы пайдаланушылардың біріншісі НР Бағдарламалық құралын өзге соңғы пайдаланушыға бір рет жеткізе алады. Әр жеткізу құрамында барлық құрам бөліктер, медиа, Пайдаланушы Құжаттамасы, осы СПЛК және, қолданылу жағдайында, Шынайылық Сертификаты болады. Жеткізу бір партия түріндегі тікелей емес жеткізу болмауы мүмкін. Жеткізбес бұрын, соңғы пайдаланушы осы СПЛК келісетіндігін қабылдайды. НР Бағдарламалық құралын жеткізу барысында Сіздің лицензияңыз автоматты түрде күшін жояды.

б. Шектеулер. Сіз НР Бағдарламалық құралын коммерциялық мақсаттарда көп пайдаланушылармен немесе кеңседе пайдалану үшін жалға, лизингке немесе қарызға ала алмайсыз. Сізге НР Бағдарламалық құралын осы СПЛК шарттарымен анықталған жағдайлардан өзге жағдайларда қосымша лицензия беруге, бөлуге немесе өзгедей жолмен жеткізуге тыйым салынады.

5. ЖЕКЕМЕНШІК ҚҰҚЫҚТАРЫ. Бағдарламалық құралдың және Пайдаланушының Құжаттамасындағы барлық зиягерлік жекеменшік құқықтары НР немесе оның жабдықтаушыларының жекеменшігі болып табылады және заңдармен, соның ішінде қолданымды авторлық құқықтар, сауда құпиясы, патенттер және сауда белгілері жөніндегі заңдармен қорғалған. Сізге өнімнің қандай да бір тану белгілерін, авторлық құқықтар жөніндегі ескертулерді немесе жекеменшік шектеулерін Бағдарламалық құралдан өшіруге тыйым салынады.

6. ИНЖЕНЕРЛІК ТАЛДАУ ШЕКТЕУЛЕРІ. Сол әрекеттерді жүзеге асыру құқығы қолданыстағы заңдарға сәйкес берілу жағдайларынан өзге жағдайларда Сізге НР бағдарламалық құралына инженерлік талдау жасауға, декомпиляциялауға немесе бұзуға тыйым салынады.

7. ДЕРЕКТЕРДІ ПАЙДАЛАНУҒА КЕЛІСІМ БЕРУ. НР және оның бөлімшелері (i) өзіңіздің Бағдарламалық құралды немесе НР Өнімін пайдалануға немесе (ii) Бағдарламалық құралға немесе НР Өніміне қолдау алуға қатысты жеткізген деректерді жинақтап, пайдалануы мүмкін. Сондай ақпараттың барлығы НР компаниясының құпиялық саясатымен қамтылу нысаны болып табылады. Өзіңіздің өнімді Пайдалануды жақсарту немесе қолдау қызметтерін көрсету жағдайларынан өзге жағдайларда НР ондай ақпаратты өзіңіздің жеке танылуыңыз үшін пайдаланбайды.

8. ЖАУАПКЕРШІЛІК ШЕКТЕУЛЕРІ. Сізде болуы ықтимал зақымдардың қандай болмауына қарамастан, НР және оның жабдықтаушыларының осы СПЛК бойынша толық жауапкершілігі және Сіздің осы СПЛК бойынша ерекше шараларыңыз Сіздің Өнім үшін төлеген ең жоғарғы бағамен немесе 5,00 АҚШ доллары көлемінде шектелетін болады. ҚОЛДАНЫСТАҒЫ ЗАҢДАРМЕН РҰҚСАТ ЕТІЛГЕН ЕҢ ҮЛКЕН ШЕКТЕРДЕ, КЕЗ КЕЛГЕН ЖАҒДАЙДА НР НЕМЕСЕ ОНЫҢ ЖАБДЫҚТАУШЫЛАРЫ НР НЕМЕСЕ ОНЫҢ ЖАБДЫҚТАУШЫЛАРЫ СОНДАЙ ЗАҚЫМДАНУЛАРДЫҢ БОЛУ МҮМКІНДІГІ ЖӨНІНДЕ БІЛЕ ТҰРСА ДА ЖӘНЕ СИПАТТАЛҒАН ШАРАЛАРДЫ ОРЫНДАУ ОНЫҢ НЕГІЗГІ МАҚСАТТАРЫНДА ОРЫНДАЛСА ДА НР БАҒДАРЛАМАЛЫҚ ҚҰРАЛЫН ПАЙДАЛАНУ НЕМЕСЕ ПАЙДАЛАНА АЛМАУ НӘТИЖЕСІНДЕ

БОЛҒАН КЕЗ КЕЛГЕН ҚАСАҚАНА, КҮТПЕГЕН, ЖАНАМА НЕМЕСЕ НӘТИЖЕСІНДЕГІ ЗАҚЫМДАНУЛАР (СОНЫҢ ІШІНДЕ ЖІБЕРІЛГЕН ПАЙДА, ЖДЕРЕКТЕРДІ ЖОҒАЛТУ, ІСКЕРЛІК ШЫҒЫНДАР, ЖЕКЕ ТҰЛҒАНЫҢ ЖАРАҚАТТАНУЫ НЕМЕСЕ ЖЕКЕМЕНШІКТЕН АЙЫРЫЛУ) ҮШІН ЖАУАПТЫ ЕМЕС. Кейбір елдер/аймақтар немесе өзге юрисдикциялар күтпеген немесе нәтижесінде болған зақымдауларға шектеулер қолдануға рұқсат етпейді, сондықтан да, жоғарыда сипатталған шектеулер Сізге қатысты қолданылмауы мүмкін.

9. АҚШ ҮКІМЕТТІК ТҰТЫНУШЫЛАРЫ. Егер Сіз АҚШ Үкіметтік тұлғасы болып табылсаңыз, FAR 12.211 және FAR 12.212 сәйкес, Коммерциялық Компьютерлік Бағдарламалық құрал, Компьютерлік Бағдарламалық құрал Құжаттамасы және Коммерциялық Мақсаттардағы Техникалық Деректер қолданымдағы НР коммерциялық лицензиялық келісімге сәйкес лицензияланады.

10. ЭКСПОРТТЫҚ ЗАҢДАРҒА СӘЙКЕСТІК. Сіз (i) Бағдарламалық құралды экспорттауға немесе импорттауға немесе (ii) Бағдарламалық құралды Пайдалануды шектеудің, соның ішінде ядролық, химиялық немесе биологиялық қаруды таратуды шектеуге қатысты қолданылатын барлық заңдарды, ережелерді және шарттарды қабылдайсыз.

11. ҚҰҚЫҚТАРДЫ САҚТАУ. НР және оның жабдықтаушылары осы СПЛК өзіңізге нақты берілмеген барлық құқықтарды сақтап қалады.

(c) 2007 Hewlett-Packard Development Company, L.P.

Редакция 11.06

## Пайдаланушының орындайтын жөндеудің кепілдік қызметі

HP өнімдерінде көптеген пайдаланушымен орындалатын жөндеуге арналған (CSR) бөлшектер бар. Олар жөндеу уақытын қысқартып, ақауы бар бөлшектерін ауыстыруды жеңілдетуге арналған. Егер диагностика кезінде HP компаниясы бұл жөндеу жұмысын CSR бөлшегі арқылы орындауға болатынын анықтаса, ол сол бөлшекті сізге жібереді. CSR бөлшектердің екі санаты бар: 1) Пайдаланушымен міндетті түрде орындалатын жөндеуге арналған бөлшектер. Егер сіз HP компаниясына сол бөлшектерді ауыстыруға тапсырыс берсеңіз, сол қызметке байланысты жол мен жұмыс ақысын өтеу сізден талап етіледі. 1) Пайдаланушымен міндетті емес түрде орындалатын жөндеуге арналған бөлшектер. Бұл бөлшектер Пайдаланушымен орындалатын жөндеу жұмысына жасақталған. Егер сіз ауыстыруды HP компаниясынан сұрасаңыз, бұл жұмыс өніміздің кепілдік қызметінің түріне сәйкес қосымша ақысыз жасалады.

Бар-жоғына және географиялық орналасқан жеріне байланысты CSR бөлшектері келесі жұмыс күні жеткізіледі. Сол күні немесе төрт сағат ішінде жеткізу географиялық орналасқан жеріне байланысты қосымша ақыға ұсынылады. Егер көмек қажет болса, сіз HP Техникалық қолдау Орталығымен телефон арқылы байланысып, техниктің көмегін алуыңызға болады. HP компаниясы CSR бөлшектерімен бірге жіберілген материалдарында ақауы бар бөлшекті HP компаниясына қайтару қажеттігін немесе қажетсіздігін көрсетеді. Егер ақауы бар бөлшекті HP компаниясына қайтару қажет етілсе, онда оны көрсетілген уақытта, әдетте бес (5) жұмыс күн ішінде қайтаруыңыз керек. Ақауы бар бөлшекті өзінің құжаттарымен бірге тасымалдау материалдарының құрамында жіберу керек. Егер ақауы бар бөлшекті жібермесеңіз, HP компаниясы сізден ауыстыруға жіберілген бөлшектің ақысын талап етеді. Пайдаланушымен орындалатын жөндеу болса, HP компаниясы барлық тасымалдау шығынын және қайтару шығынның жартысын төлеп, тасымалдаушыны таңдайды.

## Тұтынушыларды қолдау

Сізге кепілдік беру кезеңінде тегін болатын еліңізге/ аймағыңызға арналған телефон қолдауын алыңыз

Ел/аймақ телефон нөмірлері өніміңіздің қорабында болған флаерде немесе [www.hp.com/support/](http://www.hp.com/support/) сайтында бар.

Өнім атауын, серия нөмірін, сатып алынған күнін және проблемалардың сипаттамаларын көріңіз.

24 сағаттық Интернет қолдауын алыңыз

[www.hp.com/support/ljp2050series](http://www.hp.com/support/ljp2050series)

Macintosh компьютерімен бірге пайдаланылатын өнімдер үшін қолдауды алу

[www.hp.com/go/macosex](http://www.hp.com/go/macosex)

Бағдарламалық құрал утилиталарын, драйверлерді және электронды ақпаратты жүктеу

[www.hp.com/go/ljp2050series\\_software](http://www.hp.com/go/ljp2050series_software)

Қосымша HP қызмет көрсетуіне немесе қызмет келісімдеріне тапсырыс беру

[www.hp.com/go/carepack](http://www.hp.com/go/carepack)

# HP техникалық қызмет көрсету келісімдері

HP компаниясында қолдау қажеттіліктерінің кең ауқымына сай техникалық қызмет көрсету келісімдерінің бірнеше түрі бар. Техникалық қызмет көрсету келісімдері стандартты кепілдіктің бөлігін құрамайды. Қолдау қызметтері аймақтарға қарай әр түрлі болуы мүмкін. Сізге көрсетілетін қызметтердің бар-жоғын анықтау үшін HP дилерінен сұраңыз.

## Жүйе ішілік қызмет көрсету келісімдері

Сізді қажеттіліктеріңізге мейлінше толық сай келетін қолдау деңгейімен қамтамасыз ету үшін HP компаниясында жауап уақыттары таңдалатын жүйе ішілік қызмет көрсету келісімдері бар.

### Келесі күнгі жүйе ішілік қызмет көрсету

Бұл келісім қызмет көрсету туралы сұрау алынғаннан кейін ертесі күні қолдау көрсетілуін қамтамасыз етеді. HP компаниясының арнаулы қызмет көрсету аймақтарынан тыс қосымша жөндеу сағаттары мен қосымша жол жүру жүйе ішілік қызмет көрсету келісімдерінің көпшілігінде қарастырылады (қосымша ақы үшін).

### Апталық (көлемді) жүйе ішілік қызмет көрсету

Бұл келісім апта сайын жоспарлы түрде көп HP өнімдерімен жабдықталған ұйымдарға барып жүйе ішілік қызмет көрсетілуін қамтамасыз етеді. Бұл келісім 25 не одан да көп автоматты жұмыс орнымен, соның ішінде құрылғылармен, плоттерлермен, компьютерлермен және диск жетектерімен жабдықталған жұмыс орындарына арналған.

## Өнімді қайта орамау

Егер HP тұтынушыларды қолдау орталығы өніміңіздің жөндеуге HP компаниясына қайтарылуға тиісті екенін анықтаса, өнімді жөнелтудің алдында оны қайта орау үшін осы қадамдарды орындаңыз.

- △ **ЕСКЕРТУ:** Дұрыс буып-түймеу нәтижесінде болған тасымалдау зақымдары үшін жауапкершілікті тұтынушы көтереді.

1. Өзіңіз сатып алып, құрылғыға салған барлық DIMM карталарын шығарып алыңыз. Құрылғымен бірге келген DIMM карталарын шығармаңыз.

- △ **ЕСКЕРТУ:** Статикалық электр DIMM карталарын зақымдауы мүмкін. DIMM карталарын ұстаған кезде, статикаға қарсы білезік тағып алыңыз, не болмаса жиі-жиі DIMM картасының статикаға қарсы орауышын ұстап, содан кейін құрылғыдағы жалаң металды ұстап тұрыңыз. DIMM карталарын шығарып алу үшін [Жадты орнату 94-бетте](#) қараңыз.

2. Баспа картриджді шығарып алып, сақтап қойыңыз.

- △ **ЕСКЕРТУ:** Өнімді жөнелтудің алдында баспа картриджді алу өте маңызды болып табылады. Жөнелту кезінде өнімде қалатын баспа картриджді ағып, өнімнің механизмі мен басқа бөлшектеріне тонер жағылуы мүмкін.

Баспа картриджді зақымданбауы үшін оның ролигіне тиюден сақ болыңыз және баспа картриджді өзінің орауыш материалында немесе оған жарық түспейтіндей етіп сақтаңыз.

3. Қуат кабелін, интерфейстік кабельді және қосымша керек-жарақтарды ажыратып алып, сақтап қойыңыз.

4. Мүмкін болса, жинақпен бірге баспа үлгілерін және дұрыс басылмаған 50-100 парақ қағаз немесе басқа баспа материалын жіберіңіз.
5. АҚШ-та, жаңа орауыш материал алу үшін HP Тұтынушыларды қорғау қызметіне хабарласыңыз. Басқа аймақтарда, мүмкін болса, өзінің орауыш материалын пайдаланыңыз. Hewlett-Packard тасымалдау үшін жабдықты сақтандаруды ұсынады.

## Кеңейтілген кепілдік

HP Қолдау қызметі HP аппараттық өнімі мен беретін барлық ішкі компоненттерді сақтандырумен қамтамасыз етеді. Аппараттық құралдарға қызмет көрсету HP өнімі сатып алынған күннен бастап 1-3 жыл мерзімді қамтиды. Тұтынушы HP Қолдау қызметін белгіленген зауыттық кепілдік мерзімі ішінде сатып алуға тиіс. Қосымша ақпарат алу үшін HP Тұтынушыларды қорғау қызметі мен Қолдау тобына хабарласыңыз.



---

# С Ерекшеліктер

- Физикалық ерекшеліктері
- Энергияны тұтыну, электрлік сипаттамалары және дыбыс бөлуі
- Жұмыс ортасы

## Физикалық ерекшеліктері

**Кесте С-1** Өнімнің өлшемдері және салмақтары

